Сонымен қатар, білім алушылар байланыс орнатуға, көбірек білуге, дұрыс терминология-

ны қолдануға, этикетті сақтауға тырысады – бұл білім беру ұйымындағы Инклюзивті ортаны дамытудағы алғашқы қадамдар.

**Қорытынды.** Қорыта келе айтарымыз, болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының қандай жаңа кәсіби құзыреттіліктерін ескеру керек?

– барлық білім алушыларды олардың нақты оқу мүмкіндіктері мен психикалық және дене денсаулығының ерекшеліктеріне қарамастан қабилдауға және оқытуға дайындығы;

– психологиялық-педагогикалық консилиум шеңберінде басқа мамандармен өзара іс-қимыл жасауға дайындығы;

– басқа мамандармен бірлесіп баланың жеке даму бағдарламасын құра білу;

– түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін арнайы әдістемелерді меңгеру;

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен серіктестік қарым-қатынас орнату және қолдау және т. б.

ҚР-да инклюзивті білім беруді енгізу тәжірибесі жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің (кәсіби, психологиялық және әдістемелік) мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеуге дайын еместігі проблемасын көрсетті, мұғалімдердің инклюзивті ортада жұмыс істеуге кәсіби құзыреттілігінің жетіспеушілігі, психологиялық кедергілердің және педагогтердің кәсіби стереотиптерінің болуы анықталды.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінің маңызды сипаты балабақша, мектеп, колледж, ЖОО деңгейінде инклюзивті тәсілді іске асыруға қабілетті педагогтер мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарының әлі де жеткіліксіз кәсіби дайындығы болып табылады.

Бұл мәселені шешу педагогикалық қызметкерлерді кәсіби даярлау жүйесінің көмегімен мүмкін болады.

#### Әдебиеттер

- 1 2025 жылға дейінгі Дене шынықтыру мен спортты дамыту Тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Бұйрығы. (10.09.2019 жыл жағдайындағы өзгерістер мен қосымшалар)
- 2 Мельник Ю.В. Инклюзивті білім беру саласындағы педагогтың кәсіби құзыреттілігі // Солтүстік-Кавказ федералды университетінің Жоғары мектебі. – 2012. – Б. 23-28.
- 3 Саитгалиева Г.Г. Мүгедектігі бар балаларға инклюзивті білім беруді іске асыратын педагогтардың кәсіби құзыреттілігі // Череповецк Мемлекеттік Университетінің хабаршысы журналы. – 2015. – 148-151 б.
- 4 Хафизуллина И.Н. Оқу процесінде болашақ мұғалімдердің инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру: п.ғ.к., дисс ... 13.00.01. – Астрахань, 2008. – 138 б.
- 5 Карпович Т.Н. Кәсіптік білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлерінің инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру // Халықаралық ғылыми-танымал журнал. – 2018. – 3(16). – Б. 6-11.
- 6 Богданова А.А. Формирование профессиональной компетентности педагогов инклюзивного образования. – Саратов, 2016. – 213 с.

**<sup>1</sup>Доскараев Б.М., <sup>1</sup>Алтынбек Е.Т., <sup>2</sup>Турыскулов Ө.Ж.**<sup>1</sup>М. Тынышпаев атындағы Көлік және коммуникация академиясы, Алматы қ., Қазақстан<sup>2</sup>Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан**ҚАЗАҚСТАН СПОРТЫНЫҢ ШЫН ЖАНАШЫРЫ**

Доскараев Бауыржан Мелдебекұлы, Алтынбек Ербол Тұрғанбекұлы, Турыскулов Өмірәлі Жүсіпұлы

**Қазақстан спортының шын жанашыры**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада бүгінгі таңда халықтың тұрмыс-тіршілігінің ажырамас құрамына айналған дене тәрбиесі мен спорт бағытындағы негізгі алғышарттар мен даму барысындағы тенденцияларға ғылыми спорт тарихы тұрғысында талдаулар жасалып жинақталды. Спорттың егемендік алған жылдардағы даму жолдары мен оған еңбек сіңіре білген тұлғалар жөнінде ақпараттар қарастырылған. Елдің дене шынықтыруы мен спорты, ең бірінші кезекте сол қоғамдағы азаматтардың өмірдегі өз жолын табуына, өмірлік түрлі жағдайларда дұрыс жол тауып, алға қарай сенімді қадам басуына зор ықпал беретін маңызды құралдың бірі болып табылады. Егеменді Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы Н. Назарбаевтың өзі спорт мерекесіне арналған бір сөзінде: «Дені сау ұлт бәсекеге қабілетті болады. Сондықтан спорттың бұқаралық сипатын дамыту – мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі... Спорт – елдің мерейін асырып, абыройын тасытатын сала. Тәуелсіздік жылдары ел спортшылары халықаралық ірі жарыстарда топ жарып, көк байрағымыз асқақтай түсуде...» деп айтып өткен болатын. Сондықтан да осы мақалалық зерттеуде Қазақстан спортының алға жылжуына шын жанашырлық танытып, оның дамуына өз үлесін қосып жүрген нар тұлғалы ғалым, профессор Қ.Қ. Закирьянов сияқты азаматтар туралы шынайы дәйектер келтірілген.

**Түйін сөздер:** спорт, спортшылар, ғылым, жарыстар, Универсиада.

Doskarayev Baurjan, Altynbek Yerbol, Turyskulov Umirali

**A true supporter of Kazakh sports**

**Abstract.** This article analyzes the main prerequisites and trends in the development of the sphere of physical culture and sports, which today have become an integral part of the life of the population, in the context of scientific research of the history of sports. Information about the development of sports in the years of independence and the people who contributed to this is also considered. Physical culture and sports in the country as a whole is, first of all, one of the most important tools that allow citizens of a society to orient themselves in life, find the right path in various life situations and confidently move forward. Even the First President of independent Kazakhstan, Elbasy N. Nazarbayev, in one of his speeches dedicated to the sports holiday, said: "A healthy nation will be competitive. Therefore, the development of mass sports is one of the strategic priorities of our state ... Sports is an industry that gives honor and dignity to the country. During the years of independence, athletes of our country have won major international competitions under our blue flag ...". Therefore, this article provides real facts about such people as a scientist, professor Zakiryayev K.K., who sincerely refers to the development of Kazakhstani sports and contributes to its development.

**Key words:** sport, athletes, science, competition, Universiade.

Доскараев Бауржан Мелдебекович, Алтынбек Ербол Тұрғанбекулы, Турыскулов Умиралі Жүсіпович

**Истинный сторонник казахстанского спорта**

**Аннотация.** В статье анализируются основные предпосылки и тенденции развития сферы физической культуры и спорта, которые сегодня стали неотъемлемой частью жизни населения, в контексте научного исследования истории спорта. Также рассматривается информация о развитии спорта в годы независимости и людях, которые этому способствовали. Физическая культура и спорт в стране в целом – это, прежде всего, один из важнейших инструментов, позволяющих гражданам того или иного общества ориентироваться в жизни, найти верный путь в различных жизненных ситуациях и уверенно двигаться вперед. Даже Первый Президент независимого Казахстана, Елбасы Н. Назарбаев в одном из своих выступлений, посвященном спортивному празднику, сказал: «Здоровая нация будет конкурентоспособной. Поэтому развитие массового спорта – один из стратегических приоритетов нашего государства... Спорт – это отрасль, которая придает честь и достоинство стране. За годы независимости спортсмены нашей страны выиграли крупные международные соревнования под нашим голубым флагом...». Поэтому в данной статье приводятся реальные факты о таких людях, как ученый, профессор Закирьянов К.К., который искренне относится к развитию казахстанского спорта и вносит свой вклад в его развитие.

**Ключевые слова:** спорт, спортсмены, наука, соревнования, Универсиада.

**Кіріспе.** Дене шынықтыру мен спорт біздің елімізде маңызды қоғамдық құбылыс болып табылады, өйткені оның сауықтыру, тәрбиелік, қорғаныстық және халықтық-шаруашылықтық маңызы бар. Қоғамдық позиция тұрғысынан алғанда дене шынықтыру саласындағы әлеуметтік проблемаларға терең үңілудің маңыздылығы қатты байқалады. Мұндай мәселелерге тек қазіргі заманауи көзқарас тұрғысынан алып қарастырған кезде ғана елдің әрі қарайғы дене шынықтыру және спорт бағытын дамытудың тиімді жолдарын кездестіруге болатынын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Ал дене тәрбиесі мен спортты дамыту мемлекет құрылысының сипатына қарай ел тұрғындары мен еңбекшілерін, өскелең ұрпақты физикалық дене және рухани-адамгершілік тұрғысынан жан-жақты тәрбиелеуге, сондай-ақ әлемдік ортада дені сау ұлтты қалыптастыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Қазақ елі өзінің қасиетті Тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін, мемлекетіміздің ішкі-сыртқы өмірі және қоғамның барлық басқа салаларындағыдай, дене тәрбиесі мен спорт бағыты да өз бетінше дамудың даңғыл жолына түсті. Біздің еліміздің басты жетістігі ретінде әлеуметтік-экономикалық дамудың дұрыс әрі оңтайлы жолын таңдауының дәлелі ретінде, Қазақстан Республикасы спортшыларының олимпиадалық, әлемдік және халықаралық түрлі спорттық ойындар мен жарыстарда қол жеткізген жүлделері мен жетістіктерін айтуға болады.

Тұңғыш Президент, Елбасы Н. Назарбаевтың өзі жылда тамыз айының үшінші жексенбісінде аталып өтетін спорт күні мерекесіне арналған бір сөзінде: «Дені сау ұлт бәсекеге қабілетті болады. Сондықтан спорттың бұқаралық сипатын дамыту – мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі... Спорт – елдің мерейін асырып, абыройын тасытатын сала. Тәуелсіздік жылдары ел спортшылары халықаралық ірі жарыстарда топ жарып, көк байрағымыз асқақтай түсуде...» деген болатын [1].

Дейтұрғанмен, бұқаралық дене шынықтыру мен спорт және жоғары жетістіктер спортының қарыштап дамуы мемлекеттік қолдаусыз жүзеге асуы мүмкін емес. Оларды дамыту үшін қабылданған көптеген кезендік мемлекеттік бағдарламалар мұның айқын дәлелі. Соның арқасында халықтың, оның ішінде жастар мен жасөспірімдердің спортқа деген ынта-жігерлері артты. Бұқара халық арасында бұрынғыдай тек сәнді киім киюге емес, өз дене тұлғалық формасына, қалыпты да дұрыс жүріп-тұруына

аса мән беріле бастады. Бұл айналып келгенде қоғамымызда жалпы мәдениеттің, спорттық мәдениеттің, дене шынықтыру мен спортқа деген дұрыс қоғамдық сананың қалыптасуына мүмкіндік берді.

Мұнымен қоса, республикамыздың спортшы-атлеттері еуропалық және азиялық құрлықтарда ел қоржынына алтын, күміс, қола медальдарын жинақтады. Әрине, спорттық жарыстарда жеңіп алған жүлделер мен марапаттар тек елдің ұлттық құрамаларының ғана жетістіктері емес, ол сондай-ақ Қазақстанның халықаралық деңгейдегі ірі тұлғаларының абыройы мен ел ішіндегі шын жанашыр нар тұлғалы азаматтардың да маңдай алды еңбектерінің жемісі болып табылады.

Жалпы алғанда, спорт әлемі туралы ХХ ғасырдың жетекші ойшылдары мен әлеуметтанушылары өз ойларын былайша тұжырымдаған. Мәселен, еуропалық философия классиктерінің бірі Макс Шеллер: «Бүгінгі әлемде спорт тәрізді терең әлеуметтік-философиялық және психологиялық дәрежеде зерттеуді қажет ететін бірде-бір басқа феномен жоқ. Спорт өзінің маңызы жағынан өте уақымды дәрежеге жетті, бірақ спорттың мәнін зерттеуге тиісті көңіл бөлініп отырған жоқ» дейді [2]. Белгілі америкалық әлеуметтанушы А. Гаттман өзінің «От ритуала к рекорду» деген кітабында: «Елу жыл өтсе де, спорт өте бір дискутабельді, әрі біздің уақытымыздың көпке белгісіз құбылысы болып қала берді» деп көрсетеді [3]. Бұрынғы Югославияның спорттық әлеуметтанушысы Р. Марьянович, қазіргі заманда Үлкен спортқа деген қызығушылықты көтеруге көңіл аудару керектігін айта отырып, «спорт әлі күнге дейін ғылым үшін толық анықталмаған мәселе» және «алдағы уақыттарда оның шынайы келбетін ашу қажет, керек болса, жасау қажет» деп есептейді [4].

**Зерттеу өзектілігі.** Мақала тақырыбын зерттеу өзектілігі жеке тұлға және жалпы қоғам тәрбиесіндегі дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік мүмкіндіктерін пайдаланудың мәнді қажеттіліктерін, сондай-ақ оған деген қоғамдық сұраныстың артуымен айқындалды. Тәуелсіздік алғалы бері ел спортының алға қарай жылжуына мемлекет тарапынан айырықша көңіл бөлініп келе жатқаны сөзсіз. Ал спортқа деген қолдау мен оған қызығушылық мәселесіне келгенде АҚШ, Ресей, Англия, Қытай, Жапония, Қазақстан сияқты т.б. елдер басшыларының алар орны ұшан-теңіз.

Дегенмен, жоғарыда келтірілгендермен қоса айтар болсақ, осы саладағы жетістіктер – білім,

ғылым және спорттық бағыттағы қолдау тұрғысында шынайы қызмет етіп келе жатқан кейбір азаматтардың да арқасында екенін ғылыми-педагогикалық және спорт тарихы ғылымы тұрғысында көпшілікке таныту зерттеудің басты міндеті деп білеміз.

Еуразия кіндігінде орналасқан ұлы даламыздан шыққан ежелгі, ортағасырлардағы және жаңа заман басындағы ұлт зиялыларын айтпағанның өзінде, қазіргі кездің өзінде ел ішінде мемлекет пен қоғамдық деңгейде еңбек етіп, қоғамдық саланың дамуына шын жанашыр бола білген, бірақ көпшілік бұқара біле бермейтін тұлғалар баршылық. Солардың бірі ретінде біз математик, педагог, мемлекет және қоғам қайраткері әрі спорт жанашыры Қайрат Қайроллаұлы Закирьяновты айтқан болар едік.

**Зерттеу міндеттері:** бұқаралық және жоғары жетістіктер спортын дамытудағы еліміздегі жалғыз салалық жоғары оқу орны Қазақ спорт және туризм академиясы мен оның басшысы Закирьянов Қайрат Қайроллаұлының айырықша орны мен қызметін айқындау.

**Зерттеу мақсаты:** Ел тұрғындарының тән саулығы мен денсаулығын нығайтудағы дене тәрбиесі мен спорттың орны және оны дамыту деңгейін жоғарылату.

**Зерттеу әдістемесі.** Жұмыс жасау барысында заманауи ғылыми-педагогикалық зерттеулерде қолданылатын әдістемелер басшылыққа алынды. Зерттеу әдебиеттер мен дереккөздерін талдауға, сауалнамалар мен дәйектік фактілер жиынтықтарына негізделген.

#### **Зерттеу нәтижелерін талқылау.**

Адам – тән, жан және нәзік сезім бірлігі, тұтастығы. Дүниедегі болмысы ең күрделі, ақылында, амалы мен тәсілінде шек жоқ, өміртанымы мол, сезімтал пайымды, бүгінгісін ертең қанағат тұтпайтын аса талғамды, талабы зор, қажетін таңдай білетін, жоғын іздене, таба, барын жетілдіре, жаңарта беретін әлемдегі баламасыз дара жаратылыс. Жан-жақты дамыған кемел рух пен парасат иесі. Ішкі жан дүние сыры, болмыс жұмбағы мен құпиясы әлі түгел ашылмаған, шешілмеген тіршілік әлемі.

Таным – адам болмысын ойда кескіндеп, мүскіндейтін айна. Түйсік, қабылдау және елестету әсерімен сезімдік және ұғым, пікір, ой қорытындылау арқылы қисындық формалы объективті шындықтың адам санасында белсенді және қайшылықты бейнеленуі. Ақиқаттығын, көз жеткен айқындығын жария ету болып саналады.

Біздің осы зерттеу жұмысымыздың ауқымы Алматы қаласында орналасқан, республикамыз-

да спорт саласындағы жалғыз әрі бірегей жоғары оқу орны Қазақ спорт және туризм академиясының президенті, математика ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Петр Ғылым академиясының академигі Закирьянов Қайрат Қайроллаұлының қазақ елі спорты мен спортшыларын білімдік, ғылымдық, спорттық және тікелей қолдауы мен шынайы жанашырлығы жөніндегі мәліметтерін қамтиды. Қ. Закирьянов бүгінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның Ұлттық спорттық студенттер Одағының президенті, Дене шынықтыру және спорт университеттерінің Халықаралық ассоциациясының президенті, Қазақстан Республикасының Олимпиадалық Академиясының президенті, FISU атқару комитетінің мүшесі, AUSF ассессоры. Ал мұндай жетістіктерге тұлғаның қалай жеткені жөнінде мақала барысында сөз болады.

Бүгінгі таңда әлемнің түрлі елдеріндегі халықтар, адамның тек физикалық дене және адамгершілік саулығының арқасында ғана қандай да болмасын үлкен кеме тәрізді ұйымның басын ұстап тұра алатынына және қоғамдық ортада өзінің көзқарасын табанды түрде қорғап шыға алатынына көздері жетіп келеді. Алайда, тек азшылық адамдар ғана оның неден бастау алатынын және оның ауқымды мүмкіндіктерінің басты себептерін түсіне алады. Біз өз зерттеуімізде кез келген үлкен ұйымның басшысы үшін айқындаушы болып табылатын осындай маңызды себеп-салдарларды көпшілік оқырман үшін ғылыми-педагогикалық және адами-моральдық тұрғыда мазмұндауға тырыстық.



1-сурет – ҚазСТА президенті, профессор Қ. Закирьянов Халықаралық Олимпиада комитетінің президенті Томас Бахпен кездесу сәті

Елбасының «Спорт – бұл ізгілікті іс. Спортта мінез-құлық тәрбиеленеді. Спортпен айналысқан адам намыссыз және абыройсыз болмайды» деген сөздерін басшылыққа алған Қайрат Қайроллаұлының да еліміздегі жалғыз салалық дене шынықтыру және спорт бағытындағы оқу ордасын жиырма жылдан аса уақыт басқарып келеді. Оның да өзіндік адамгершілік және ғылыми себептері бар, яғни ол – ел спортына деген ғылыми көзқарас және шынайы адами жанашырлық. Еуразиялық тақырыбын зерттеуші ғалым Петр Поминов Қайрат Қайроллаұлының бір кітабына арнаған алғы сөзінде ол туралы: «...Конечно, К. Закирьянов универсально одаренный человек, сочетающий математическую точность анализа и гуманитарную глубину синтеза огромных исторических пластов. Эту духовно-интеллектуальную гармоничность исчерпывающе сформулировал в свое время Ломоносов: «Математика ум в порядок приводит, литература приводит в порядок все остальное» деп жазады [5].

Сондықтан бұл азаматтың ғылым мен спорт мәселесі жөніндегі негізгі ой астарында «Спорт – бұл адамзат баласының ойлап тапқан ең керемет ісі болса, студенттік шақ өмірдегі ең керемет уақыт. Егер осы екі факторды біріктіретін болса, онда кез келген кедергіні басып өтуге болады» деген ұстанымдардың жатқанын білдірсе керек. Өйткені, Қ. Закирьянов аса терең ойлы және ішкі жан дүниесінде өзіндік бір суретшілік қабілетке ие жан. Ол бейнелеудің скульптуралық негізгі заңдылықтарын негізге алып жұмыс жасайды, яғни адамзаттың тарихи дамуының ішкі түйсіктік ақыл-ойы арқылы, болмыстың маңызды заңдылықтарына қол жеткізе отырып, іштей формаларды жапсырып бейнелейді. Бұл оның ең басты айырықша сипаты деп білеміз.

Идеология – белгілі бір таптық, не саяси партияның, не ұлттың өзі өмір сүрген қоғамның мүдделерін білдіретін саяси, моральдық, діни, құқықтық, көркемдік, тарихи-философиялық көзқарастар жиынтығы.

Осы айтылғандай, зерттеуші Қ. Закирьяновтың ғылымға деген қызығушылығы мен ішкі жан дүниесінен шыққан терең тарихи ізденушілік шығармалары, жалпы тағдыр, өмірлік адамгершілік философиясына, ел идеологиясына, Еуразия мен Қазақ даласына арналған оның «Тюркская сага Чингисхана. Сокровенное сказание казахов», «Только эта жизнь имеет цену...», «Под знаком волка: тюркская рапсодия», «Тюрки и Великая Степь», «Тюркская сага Чингисхана и KZ фактор», «Великая Степь и Олимпийские

игры Древней Греции. Происхождение спорта», «Когда боги не спорят с неизбежностью» сияқты еңбектерінде көрініс тапқан. Мысалы, осы тізімдегі соңғы аталған кітапта ол, «ет пен сүйектен жаралған және өзіндік әрекеттері мен қорқынышы бар қарапайым адам бола отырып, мүмкін емес болған жерде өз бойынан күресу мен жеңуге деген күшті қалай табуға болатыны» жөнінде мазмұндайды. Ал «Под знаком волка: тюркская рапсодия» деген кітабында бүкіл көшпенділік өркениеті, оның ішінде қазақ ұлтына байланысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тырысқан. Өйткені, ол өзінің «Тюркская сага Чингисхана. Сокровенное сказание казахов» деген кітабында қазақ халқының әділетсіз түрде Ресей империясының отарында шырмалуы мен Кеңестік империяның қарамағында үнсіз болуы жөніндегі өткен ұлы тарих жөнінде баяндайды. «Тюрки и Великая Степь» деген еңбегінде авторлар өздерінің теориялық тұжырымдарына сәйкес, еуразиялық өркениеттің тұғырлық негіздерін қалыптастыруда басты рөлді, қазіргі түркі халықтарының тікелей ата-тегі болған Ұлы даланың көшпенділері екенін нықтап айтады. Өйткені олар адамзат қоғамының әлеуметтік және технологиялық прогресіне, оның ішінде бүгінгі әлемдік спорт қалыптасқан ежелгі әскери-спорттық жарыстар дәстүрінің тууы мен таралуында қомақты тарихи үлес қосты.

Оның ғылыми ізденістері мен көзқарасы бойынша, Ұлы дала көшпенділері, оның ішінде қазақ халқының ата-бабасы әлемдік өркениеттің дамуында маңызды орынға ие. Бұл оның ғылыми негізде өзі ойлап тапқан KZ-факторы формуласымен де дәлелденген. Мәселен, Дешті Қыпшақ немесе Ұлы даланың өзіне тән климаты бар, яғни қыста 40 градус суық, жазда 40 градус ыстық. Ал ондай жағдайда қарапайым отбасы өмір сүре алмайды. Демек, толыққанды өмір сүру үшін бір отбасыға бірнеше әйел қажет. Ол замандарда әйелдердің жетіспеуі себепті олар көршілес Қытай, Үндістан, Иран т.б. жерлерге жорықтар жасаған. Оған қоса, көшпенділердің негізін мал шаруашылығы құрады, ал мал жаюға үлкен жайылымдар қажет. Оған қол жеткізудің де басты жолы көршілес жерлерді жаулап алу. Ежелгі және кейінгі тарихшылар былай жазып кеткен екен: «далалы жерлерден түсініксіз тілде сөйлейтін адамдар келді, олар сол жерлерде өзіндік қоғамдар құрды». Ол кездері тек көшпенділерді «жабайы-варварлар» деп атаған. Осы орайда, А. Македонскийді гректер неліктен «жабайы-варвар» деген, өйткені KZ-факторға сай, қандай да болсын тарихи тұлғаның туылған жеріне қарай, ол жерлер көшпенділер тарапынан жаулап

алынғанын байқауға болады екен. Сонымен қатар, тарихтан белгілі, жақсы қаруланған әскер, келіп басып алған жерлерінде билеушіге айналған. Мысалы, Үндістанды ағылшындар келгенге дейін өздерін ұлы моғолдар деп атаған түркілер билеген. Ал ежелде Ұлы дала, яғни Қазақстан аумағы академик, антрополог-ғалым Оразақ Исмағұловтың дәлелі бойынша ешқашан бөтен жерліктер тарапынан жаулап алынбаған. Бұл жердегі халықтар автохтонды болып, өз жерінде отырған.

Осы орайда Б. Доскараевтың 1993 жылы қорғаған кандидаттық диссертация зерттеулерінде мынадай деректер бар: «Археологические данные и письменные источники указывают на то, что большинство племен на территории Казахстана, населявших в эпоху раннего железа его южные, восточные и центральные районы входили в сакский племенной союз, а его западные и частично северные районы – в савроматскую конфедерацию племен... Племенные союзы были новым и высшим типом социальной общности эпохи распада первобытнообщинных отношений. Таким именно типом социального общества являлся сакский племенной союз. Большое количество общих сведений о сакских племенах дают античные письменные источники, начиная с Гомеровской «Иллиады», Геродот, Гиппократ, Страбон, Арриан, Аристотель, Эсхил и др...» [6].

Қ. Закирьянов өзінің жазған кітаптарының біріндегі бір пікірінде: «тарих саясаттың қызметшісі, кез келген адам оны өз жағына тартып, өз мүддесіне қызмет еттіруге тырысады. Бұл жөнінде, әсіресе, орыстардан басқа халықтардың өткен тарихы болмаған деген кеңестік тарихшылар бәрінен басып озған еді. Мен тек тарихпен айналысамын, ешкімге қызмет жасамаймын, мен тек ақиқатты түсінгім келеді. Жоғары трибуналарға шығып жалынды сөз айту үшін, алдымен өз ұлтымды тізерлеуден тұрғызып, оларға ата-бабалардың бүгілмес рухын қайтарғым келеді» деп жазады.

Осындай ауқымды ғылыми зерттеулер мен еңбектерге қарай, оның елдегі түрлі саладағы толық штатты ғылыми-зерттеу институттарының жасайтын жұмыстарын жалғыз өзі атқарып жүргенін атауға болады. Сонда әлгі институттардан қандай пайда бар, олар Қазақстанның атын немен шығарып жүр деген сұрақтар туындайды. Алайда, көпшілік мұндай ұйымдардың халық есебінен қаншамасы өмір сүріп жатқанын біле бермейді.

Жалпы алғанда, бүгінде спорттық дене шынықтыру жетістіктері ғаламдық өркениет пен мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады.

Әлемде ұлттық және халықаралық спорттық ұйымдар арасында өзара қарым-қатынастың нақты жасалған нормалары мен ережелері бар бірыңғай спорт кеңістігі қалыптасты. Сонымен қатар, кәсіпқой спортшыларды дайындаудың технологиялары мен әдістемелері бойынша ғылыми-ақпараттық материалдары да айқын түрде өсті. Олимпиадалық ойындар мен оған ұқсас жарыстарға қатысушы спортшылар мен елдердің саны арта бастады. Олимпиада мен Азия ойындары, Универсиада тәрізді ірі іс-шаралар дәуір айнасына айналып, олар өркениеттің даму деңгейінің көрінісіне айналды [7].

Елімізде соңғы онжылдықта өткен Азияда, ЭКСПО, Универсиада сынды ауқымды халықаралық іс-шаралардың бастамашысы мен қолдаушысы Тұңғыш Президент Н. Назарбаев екені баршаға аян. Алайда, мұндай шараға қол жеткізу, оны ұйымдастыру мен өткізуге байланысты ерекше қызмет жасаған адамды ойдан шығармаған абзал. Солардың ішінде, XXVIII Бүкіләлемдік қысқы Универсиаданы Алматы қаласында өткізу жөніндегі идеяны алғаш айтып, жоғарыға хат жолдап, қоғамды осы жаңалыққа дайындап, сендірген тұлға Қ. Закирьянов екенін ұмытпау керек.

Мысалы, 2007 жылы Қытайда Бүкіләлемдік спорттық студенттер форумы өтіп, онда Қ. Закирьянов сөз сөйледі. Ол бірінші болып XXVIII Бүкіләлемдік Универсиаданы Алматы қаласы өткізетінін баяндады және сол үшін ол өзінің бар күш-жігерін салды. Біз Қазақстаннан келген бірнеше делегаттар мұндай баяндауға таң қалдық. Кейінгі кішігірім ортада оған бұл идеяның қиялға жайып екені және оның қиялшыл адам екені айтылды.

Осы жерде салыстыру үшін айта кететін нәрсе, өткен ғасырдың 70-жылдарының басында атақты боксшы, КСРО құрамасының мүшесі Марат Жақсыбаев кеңестер елінің универсиадасында кезекті чемпиондығына қол жеткізіп, Бүкіләлемдік Универсиадаға жолдама алды. Бірақ оның бұл әлемдік универсиадаға баруы бойынша түрлі кедергілер пайда болды. Сол кездегі ҚазКСР-ның атақты азаматтары іске араласқанымен одан ештеңе шықпады, яғни ол жаққа елден бір чемпионды жібере алмады. Ал біздің айтқымыз келгені, Қ. Закирьянов Алматыда бұл іс-шараны өткіземіз деп, іс жүзінде ол фантастиканы үлкен мерекеге және шындыққа айналдыра білді. Оның ел спортының дамуына деген мүддесі мен шын жанашырлығы осы студенттік Олимпиада ойындарын елде өткізілуінде басты қозғаушы күш болып табылды.

Осының арқасында, Елбасының тиісті жарлығына сай, Үкімет тарапынан шұғыл іс-шаралар жоспары жасалып, оның аясында Алматы қаласында қысқа уақыт ішінде «Алматы-Арена», «Халық-Арена» сияқты ірі нысандармен қатар басқа да көптеген денсаулық сақтау және мәдениет нысандары бой көтеріп, Шымбұлақ, Медеу, Балуан Шолақ атындағы спорт кешендері сияқты көптеген орындар күрделі жөндеуден өтіп үлгерді. «Қазтрансгаз» универсиаданы қамтамасыз ету үшін бүкіл қалаға газ құбырларын тартты, жаңа ТЭО, әуежай, көліктік қиылыстар, студенттік қалашық, әрбір ауданда балалардың заманауи спорттық кешендерін салу үшін республикалық бюджеттен қомақты қаржы бөлінді. Осылайша, еліміздің әсем қаласы Алматының әлеуметтік және спорттық инфрақұрылымына қосымша жаңа өң берілді.

Осындай жұмыстардың арқасында өткен Универсиадада 171 спортшы студенттен тұратын Қазақстанның құрама командасының спортшылары тағы бір халықаралық аренада жетістіктерге қол жеткізсе, кейбір спортшылар өздерінің алғашқы дебюттерін жасай алды. Жалпы, әлемнің 57 елінен 1659 спортшы қатысқан Алматыда өткен бұл Универсиадаға Студенттік спорттың Халықаралық федерациясы (FISU) студенттердің қысқы ойындар тарихындағы ең үздік іс-шара деген баға берген болатын [8].

Өкінішке орай, Универсиада аяқталысымен ақ, бұл идеяны ойлап және оның өткізілуіне алғышарттар жасаған адамдар, сол кездегі Үкімет басшысы өткізген жиналыс барысында ұмыт қалды. Өйткені, оның барлық жемістері алдын ала бөлініп қойылған екен. Алайда, баршаға белгілі Закирьяновтың студенттер спорты Федерациясының төрағасы ретінде мұндай идеяға бастамашы болмағанда және оны іс жүзіне асырмағанда, Алматы ешқашанда Бүкіләлемдік Универсиаданың астанасына айналмас та еді. Өйткені, бұл дүниеде өзінің ауқымы жағынан Олимпиада ойындарынан кейінгі ірі іс-шара осы Бүкіләлемдік Универсиада болып саналады.

Шынайы фактілерге келгенде, Қайрат Қайроллаұлы осы халықаралық спорттық іс-шараны Қазақстанда өткізу туралы алғаш ой бергенде, республикадағы бүкіл басшылық оны күлкі етіп, сынаған еді. Бірақ, шынайы іске деген шын жанашырлық өзінің дұрыстығын дәлелдеп берді. Елімізде бірінші болып Олимпиадалық ойындарды Алматыда өткізуді ұтып аламыз деп жариялаған да осы Қ. Закирьянов болатын. Көпшілік қауым Олимпиада ойындарын өткізуге құқық алған қала Халықаралық Олим-

пиада комитетінен (әрі қарай – ХОК) бірденнен бір миллиард АҚШ долларын алатынын біле бермейді. Ал оған қосымша жас тәуелсіз Қазақстанның имидждік жарнамасы мен абыройын және салынған нысандардың кейін халыққа қалатын жағын тағы қосыңыз. Сол үшін де АҚШ, Ресей, Ұлыбритания сияқты басқа да көптеген елдердің елбасылары, мұндай құқыққа қол жеткізуге белсенді түрде қатысады. Тайтала кезінде 6 елдің арасынан Қазақстанның Алматы қаласы Пекинмен бірге финалға шығып, Швейцарияның Лозаннысындағы алдын ала турда Пекинді басып озған едік. Бірақ Малайзияда өткен жасырын дауыс беруде, 100-ден аса ХОК мүшелері 4 дауыс артықтықпен жеңісті Пекинге беріп жіберген болатын. Егер де жарты жыл бұрын Қ. Закирьяновты осы шара бойынша ұйымдастыру комитетінің бас кеңесшісі еткенде, онда жеңіс біз жағында болары айқын еді. Біздің бұған қазіргі уақыттағы сеніміміз 100 пайыз. Өйткені, оның спорт әлеміндегі, әсіресе FISU мен ХОК басшылары арасындағы беделі өте жоғары болып табылады.

ҚазСТА президенті, профессор Қ. Закирьяновтың 1997 жылдан бері Қазақстан студенттер спортын үздіксіз басқарып келуі, FISU басшылығының XXVIII қысқы Универсиаданы Алматыда өткізу туралы шешім қабылдауы, оның халықаралық спорт аренасындағы үлкен жетістіктерінің танылуы болып саналады. Мәселен, соның нәтижесінде 2015 жылғы Испания (Гранада) мен Словакияда (Штрбске-Плесо, Осрблье) өткен XXVII қысқы Универсиадада Қазақстан студенттер құрамасы командалық есепте үшінші орынды алса, 2017 жылғы Алматыдағы Универсиададағы финалда алға тек Ресейді ғана жібере отырып екінші орынға табан тіреген болатын.

2015 жылы Қ. Закирьянов Швейцарияның Лозанна қаласындағы Халықаралық студенттер спорты федерациясының Бас ассамблеясында, оның атқару комитетінің мүше-ассессоры болып сайланды. Дәл осы жылы FISU әлемдік және қазақстандық спорттың дамуына қосқан айырықша үлесі үшін Қазақ спорт және туризм академиясына «Әлемнің үздік университеті» атағын берді. Сондықтан да осындай ел абыройын асқақтатар ерекше еңбегі мен қызметтері үшін еліміздің спорттық қауымы мен спортшылар ортасы Қ. Закирьяновқа қарыздар десек қателеспейміз.

Бүкіл әлемдік ғылыми ұйымдар форумдарында, шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерде, сондай-ақ, баспасөзде халықтардың

ұлттық, тарихи және әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктеріне қатысты дене шынықтыру мен спорт саласында ғылыми және әдістемелік қызмет тәжірибелерін біріктіру қажеттілігі туралы көзқарастар көптеп айтылады. Осыларды ескере отырып, бізге аталмыш процесті Қазақстан Республикасының үлгісінде зерттеу мүмкіндігі туып отыр [9].

Дәл осы көзқарастар мен процестерді Қ. Закирьянов іс жүзіне асыра білген тұлғаның бірі. Олай дейтін себебіміз, Қ. Закирьянов басқаратын Қазақ спорт және туризм академиясы, бүгінгі таңда бәсекелестіктің қызу науқанындағы нарық заманы аясында, тарихи-педагогикалық, спорттық-педагогикалық, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеушілік жұмыстардың басын біріктіре отырып мұғалімдерді, спортшылар мен бапкерлерді оқыту мен дайындаудың жаңа технологиясына қол жеткізе білді. Академия қарамағындағы жоғары дәрежелі спортшылармен медико-биологиялық тексеру және зерттеу жұмыстарын жүргізетін Спорт ғылыми-зерттеу институтын айтпағанның өзінде, академияның инновациялық жобалары шеңберінде 2017 жылы алғаш рет бір жылдық профильдік магистратура базасында білікті мамандарды даярлауға арналған Бапкерлердің жоғары мектебі ашылды. Оған ұқсас мектептер АҚШ, Канада, Қытай, Жапония, Ресей, Украина, Беларусь, футболдан Ұлыбритания мен Испания сияқты елдерде жұмыс жасайды екен.

Осылайша, профессор Қ. Закирьянов ел спортының дамуына өзіндік өшпес үлес қосып келе жатқан айтулы азамат деуге тұрарлық. Мәселен, Кеңестік дәуірде сол кездегі Ә. Нұрмаханов, О. Жарылқапов, Ж. Үшкемпіров, Ғ. Қосанов, А. Тұяқов, Ш. Серіков, А. Жармұхамедов, С. Қонақбаев сынды т.б. көптеген спорт майталмандары КСРО мен ел аумағында халықты жалт қаратса, тағдырдың талай қиындықтарына қарамастан, өмір, білім, ғылым және спорт тұрғысынан қоса алғанда Қайрат Қайроллаұлы Закирьянов халықаралық деңгейде елді жалт қарата білген ел азаматы және шынайы жанашыр тұлға деуге де толық негіз бар.

Бүгінде Қазақ даласының терең тарихымен, жарты әлемді бағындырған Шыңғысхан сияқты түрлі тарихи тұлғаларды зерттеп-зерделеумен қатар айналысып жүрген Қ. Закирьяновты көре алмаушылар мен дұрыс түсінбеушілердің кездесуі көңілді қатты қынжылтады. Ғылыми зерттеу бір жақты емес, жан-жақты дүние екені баршаға белгілі. Ол өзінің тарихи зерттеулері арқылы әлемдегі басқа ұлттар намысына ти-

местен, өз ұлтының тарихын ұлықтап жүрген зерттеуші. Бұл дана халықтың «Тау намысына тиместен, даланы ұлықтадым» деген мәтеліне тура келеді. Оның тарихи зерттеулері ресми ғылым тұрғысынан алғанда қазіргі идеологтар, кейбір ғалымдар мен мамандар, әдеби сыншылар тарапынан «қызба» түрде керісінше талқыланып, керек десе өз елінде бұл авторды халыққа күйе жағып көрсетуге тырысып бағуда. Алайда, өз елімізден басқа өзге елдердің өзінде, оның зерттеулері туралы сыртынан кері сынаушы азаматтар, түрлі халықаралық ресми жиындар мен форумдар кезінде ашық және ресми түрде өздерінің қарсылықтарын білдіре алмай келеді.

Кезінде А. Эйнштейннен ықтималдылық теориясы туралы ой басына қалай келгенін сұрағанда, ол «Мен мұны жасауға болмайтынын білмедім. Ал басқалар білді» деп жауап берген екен. Сол үшін де ғылымда шешілмейтін мәселе жоқ, бірақ шешілмеген проблемалар бар. Мәселен, т.ғ.д. және г.ғ.д. Лев Гумилев өзінің ортағасырларға арналған ғылыми трактаттарында 500 жылдан аса уақыт сеніп келген және ешқашан болмаған патшалықтың құпиясы мен аңыздарын ашып көрсетіп, оны дәлелдеген болса, профессор Қ. Закирьянов тарихи талдаулар әдісімен көптеген алғашқы дереккөздер негізінде бұл фальсификациялардың себептерін түсіндіріп берді, сондай-ақ көшпенділер өздерінің тыныш әрі еңбекқор көршілерін ренжіткен жабайы қарақшылар болды деген көзқарасқа ашық түрде қарсы пікірлер айтты. Жалпы айтар болсақ, ғалымның айналысып жүрген осындай терең тарихи зерттеулері күрделі тақырыптарды қамтиды, ал ол үшін зерттеуші атақты да, ақшаны да, қызметтік мансапты да ешкімнен талап етіп не болмаса өз еңбектерімен мақтаншақтық танытып жүрген жоқ. Бұл дегеніміз – ғылымды танып, оны шынайы зерделеп жазып жүрген адамның қалыпты ахуалы болып саналады. Осы орайда, халқымыз мақтаншақтықта ұлттық негіз жоқ дейді. Мысалы XI ғасырдың ірі ғалымы М. Қашғари «Диуани лұғат ат түрік» атты еңбегінде: «Түрікте өзін ұнату, мақтану деген жоқ. Түріктер үлкен ерлік және жанкештілік іс жасағанның өзінде ерекше іс істемегендей сезінеді» деп жазып кеткен. Түркі біздің түптүқиян тегіміз. Тегімізге, қанымызға бітпесе, демек мақтаншақтық бер жақта, яғни алып-қашпа өмір ағымында пайда болған бірдеме болса керек.

Өткен ғасырдың 80-жылдарының басында Мәскеу тарихтағы түркілік кезеңге үлкен көңіл бөліп, ол бойынша VIII-XV ғасырларды қамтитын

ғылыми тақырыптарға қолдау білдірілді. Бірақ сол кездегі ішкі саяси тыйымдардың себебінен одан көңіл көншітер ештеңе шыға қоймады. Ал шын мәнінде, дәл қазіргі уақытта Қайрат Қайроллаұлы жасағандай, сол кездері де Шыңғысханды зерттеуден бастау керек еді. Ал ол болса қарапайым түрде әрі тапқырлықпен бүкіл тыйым мен құпияны жарыққа шығара білді.

Тау тұлғаның қызмет және ғылым мен спорт істері жолындағы еңбектерін атай отырып, оның жеке тағдыры туралы айтпай кетуге де болмас. Өйткені өлшеп берілген өмірде адам баласына сан түрлі тағдыр жолдары мен сынақтары берілері хақ. Дәл сол сияқты Қ. Закирьянов талай тағдыр тауқыметтерін басынан өткеріп, ол үшін қарапайым адамдар мен ел басқарушылары тарапынан қайтарма жауаптарды да сезінді. Егер де 1991 жылғы тамыз айындағы қайғылы жағдай болмағанда, мүмкін бүгінгідей деңгейдегі Қайрат Қайроллаұлы болмас та ма еді?! Онымен қоса, апаттың кесірінен жүру мүмкіндігінен айырылған зайыбымен бір сәт ара үзбестен 20 жыл бойы өмір сүруі, сол кезде айналасын қаншама сұлу да жас әйелдер қаумалап, онымен бірге проректор, ректор, Президент Әкімшілігі қызметкері сияқты қызметтік баспалдақпен көтеріліп бара жатқан адамның өз отбасын қалдырмастан нағыз азаматқа тән қасиетпен бірге өмір сүруін екінің бірі басынан кешіре бермес.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеулер мен ізденістер барысында, біз Қ. Закирьяновтың жеке тағдыры, сондай-ақ тікелей атсалысып, қатысуымен ел спортына, сондай-ақ оның білім саласы мен ғылымына жасап жүрген еңбектерінің және маңызды іс-шараларда сенімді қадам жасап, қосқан зор үлестерінің басын біріктіріп көрсетуге тырыстық. Әрине, бұл дәйектік зерттеулер оқырман қауымға терең ой салар деген үміттеміз.

**Қорытынды.** Дана халқымызда «Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы жер – жанның тынысы» деген мақал бар. Дәл осындай ырысты да, кең тынысты азаматтың бірі осы Қайрат Қайроллаұлы Закирьянов болып табылады. Елбасымыз өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында елдің тарихи-мұралық және рухани-адамгершілік тұрғысында дамуының өзіндік бірегей жолын сілтеген болса, Қ. Закирьянов осы жолды ұстанған, өз елінің нағыз патриоты мен жанашыры болып табылатын сегіз қырлы, бір сырлы тұлға, әрі шынайы ғалым.

Өйткені адам жылдар өтіп, жасы өскен сайын сана жүйесінде ақылдан гөрі тәжірибелік басымдық алады. Өмірдегі құбылыстар мен қайшылықтар салыстырмалы түрде тәжірибе сүзгісінен өткізіліп, түсініліп өз қисынын табады.

Қосымша айта кетерлік нәрсе, Қ. Закирьяновтың пікірі бойынша елдегі студенттік спорттың дамуына басымдық беру мақсатында «Студенттік спорт туралы» Заң қабылданып, оның негізінде Мемлекеттік бағдарлама қабылдануы тиіс. Қазақстан Ұлттық студенттік спорт ұйымын басқарып келе жатқан Қайрат Қайроллаұлының бастамасымен оның алғышарттары, яғни «2019-2025 жылдарға арналған ҚР студенттік спортты дамытудың Тұжырымдамасы» жасалды. Оның басты мақсаты: дене шынықтыру мен спортты студенттік жастарға сауықтыру, дене дайындығы мен дамуын жақсарту, саламатты өмір салтын қалыптастыру және білім сапасын арттырудағы тиімді құрал ретінде қолдануға, сондай-ақ студент-спортшыларымыздың Олимпиадаларда, Универсиадаларда, әлем чемпионаттары мен басқа да халықаралық ірі жарыстарда сәтті өнер көрсетуге жағдай жасау болып табылады. Ол бұл мәселелер туралы «Дене шынықтыру теориясы және әдістемесі» атты ғылыми журналының 2020 жылғы №2 (60) басылымында кең түрде мазмұндаған.

Ал кезінде Қ. Закирьяновтан заңсыз түрде ҚазСТА (кейіннен жеке меншікке айналған) мүліктерін алып қоюға және өзін түрмеге тоғытуға тырысқан жоғары шенді тұлғалардың (министрлер, генералдар, әкімдер және т.б.) жасаған қиянаттары мен кедергілеріне, оның батылдықпен табанды түрде қарсы тұруы жөніндегі мәселе өз алдына бір төбе және бөлек тақырып.

Қорытындылай келе айтқанда, біздің ойымызша, осындай тау тұлға әрі ел жанашыры бола білген азаматтарымыздың арқасында әлемдегі жаһандық дамуға біздің еліміз өз үлесін әлі де қоса беретін болады. Өткенді саралап, жеріміздің алдағы тарихи жолдарына зор үмітпен қарай отырып, әлемдік қауымдастықта Қазақстанның танымалды болуының шеңберін барынша кеңейте беруіміз қажет.

Әлемде көптеген елдер өз мемлекетінің ресми атауымен қатар ерекше бейресми түсініктерді де қолданып жатады, ал тарих қойнауында біздің қасиетті топырағымызды Ұлы Дала деген болса, онда туған ата-бабаларымыз бен біздерді Ұлы Даланың ұлдары деп атаған!

## Әдебиеттер

- 1 Спорт – елдің мерейін асырып, абыройын тасытатын сала – Елбасы // <https://www.inform.kz/kz/sport-eldin-mereyin-asugur-abugoyn-tasytatyn-sala-elbasy>
- 2 Шеллер М. «Vom Ewigen im Menschen» (От вечного в человеке). – Лейпциг, 1921. – 87 с.
- 3 Гаттмэн А. От ритуала к рекорду. – Университет Колумбия, 1978. – 142 с.
- 4 Марьянович Р. Социальная функция спорта. – Белград, 1979. – 135 с.
- 5 Закирьянов К.К. Тюркская сага Чингисхана. Сокровенное сказание казахов: докум. исследование. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2008. – 292 с.
- 6 Доскараев Б.М. Физическое воспитание на территории Казахстана с древнейших времен до возникновения государств раннефеодального типа: специальность 13.00.04 «Теория и методика физического воспитания, спортивной тренировки, оздоровительной и адаптивной физической культуры»: диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук / Доскараев Бауржан Мелдебекович; КазИФК. – Алматы, 1993. – 198 с.
- 7 Закирьянов К.К. Нет земли без отцов, а народа без кормчего (О приверженности Н.А. Назарбаева к спорту) // Теория и методика физической культуры. – 2018. – №2. – С.13.
- 8 Зимняя\_Универсиада\_2017 // <https://www.ru.wikipedia.org/wiki/>
- 9 Доскараев Б.М., Сейсенбеков Е., Алтынбек Е.Т. Қазақстандағы Олимпиадалық білім және спорт тарихының очерктері. – Алматы, 2019. – 400 б.

МРНТИ 77.31.09

**Доскараев Б.М., Бодрунов А.А., Даумов А.А., Камеш К.**

НИИ спорта КазАСТ, г. Алматы, Казахстан

**СУДЕЙСТВО В ФУТБОЛЕ. СИСТЕМА НАРУШЕНИЙ И НАКАЗАНИЙ. МЕЖДУНАРОДНЫЕ ТУРНИРЫ**

Доскараев Бауржан Мелдебекович, Бодрунов Анатолий Алексеевич, Даумов Алтай Алмасович, Камеш Куат

**Судейство в футболе. Система нарушений и наказаний. Международные турниры**

**Аннотация.** В статье рассматривается повышение качества и работ судейства, добавление дополнительной бригады судей с равными полномочиями, оказывающих огромное влияние на ход и результат матча. Идея судейства двумя бригадами состоит в том, что бригада судей оценивает как действия игроков, так и решения судей, при этом обладает правом отмены ошибочного или умышленного решения в процессе игры, правом принятия окончательного решения. Ожидаемый эффект судейства двумя бригадами – исключение риска договорных результатов, снижения числа нарушений и травм, влияния мест команд в турнирной таблице, полная удовлетворённость от справедливого результата матча. Новая система нарушений и наказаний, учитывая уровень тяжести нарушения: легкой, средней и тяжелой, соответственно. Временная нетрудоспособность и необходимость оплаты игроков, получивших травмы разной степени. Расчёт времени удаления. Виды нарушений и наказаний.

**Ключевые слова:** футбол, очки за каждое взятие ворот, судейство с отменой ошибочного решения в процессе игры, новая классификация нарушений и наказаний, оптимизация физической нагрузки.

Doskarayev Baurjan, Bodrunov Anatoliy, Daumov Altai, Kamesh Kuat

**Refereeing in football. System of violations and punishments. International tournaments**

**Abstract.** This part of the article analyzed the improvement of the quality and work of refereeing, the addition of an additional team of judges, with equal powers, having a huge impact on the course and outcome of the match. The idea of refereeing by two teams is that the team of judges evaluates the actions of both the players and the decisions of the judges, while having the right to cancel an erroneous or willful decision during the game, the right to make a final decision. The expected effect of refereeing by two teams is the elimination of the risk of contractual results, the reduction in the number of violations and injuries, the influence of team places in the standings, complete satisfaction from a fair match result. The new system of violations and punishments, given the level of severity of the violation: mild, moderate and severe, respectively. Temporary disability, and the need to pay players who have received injuries of varying degrees. Calculation of the removal time. Types of violations and punishments.

**Key words:** football, points for each goal, refereeing with the cancellation of an erroneous decision in the game, a new classification of violations and punishments, optimization of physical activity.

Доскараев Бауржан Мелдебекұлы, Бодрунов Анатолий Алексеевич, Даумов Алтай Алмасұлы, Камеш Куат

**Футболдағы төрешілік. Бұзушылықтар мен жазалар жүйесі. Халықаралық турнирлер**

**Аңдатпа.** Мақаланың бұл бөлімінде төрешілердің сапасы мен жұмысының жақсаруы, тең өкілеттіктері бар, матчтың барысы мен нәтижесіне үлкен әсер ететін қосымша судьялар құрамы қарастырылды. Екі команданың төрешілік ету идеясы, судьялар тобы ойыншылардың да, судьялардың шешімдерін де бағалайды, ал ойын барысында қате немесе қасақана шешімді жоюға, түпкілікті шешім қабылдауға құқылы. Екі команданың төрешілерден күтілетін әсері – келісім-шарт нәтижелерінің қаупін жою, бұзушылықтар мен жарақат алу санының азаюы, команданың турнирлік орындарға әсері, әділ матчтың нәтижесінен толық қанағаттану. Бұзушылықтың ауырлық дәрежесін ескере отырып, бұзушылықтар мен жазалардың жаңа жүйесі: сәйкесінше жеңіл, орташа және ауыр болып бөлінді. Уақытша еңбекке жарамсыздық және әр түрлі дәрежедегі жарақат алған ойыншыларға төлем жасау қажеттілігі, шығару уақытын есептеу, бұзушылықтар мен жазалардың түрлері туралы айтылды.

**Түйін сөздер:** футбол, әр голдың ұпайлары, ойындағы қате шешімнің күшін жоюмен төрешілік ету, бұзушылықтар мен жазалардың жаңа классификациясы, физикалық белсенділікті оңтайландыру.

**Введение.** Действующее авторитарное судейство господствует около 157 лет, несмотря на то, что не является до конца решёнными бесспорным институтом современного футбола. Сущность действующего судейства – неограниченная власть судьи в поле и бесправие игрока. Судья всегда прав. При этом единственно правильным поведением игрока является беспрекословное повиновение. Возражение игрока мгновенно наказывается. Решение судьи окончательно и отмене не подлежит.

Основой авторитарного судейства являются действующие правила игры и личные качества судьи, оказывающие огромное влияние на ход и результат матча. Основой квалифицированного судейства, как правило, является высокий уровень образования и культуры судьи, неквалифицированного судейства – недостаточная теоретическая и физическая подготовка, корыстный интерес, агрессивное поведение, ортодоксальные политические взгляды, неприязненное отношение к игрокам, команде, стране.

**Задача исследования.** Разработка новых параметров в системе судейства, которые устраняют имеющиеся недостатки, способствуют повышению результативности игры и оптимизируют физическую нагрузку.

**Метод исследования.** Научно-педагогический. Исследовались действующие параметры судейства и их спортивно-правовые аспекты, в том числе некоторые изменения в правилах судейства, которые утверждены международным советом футбольных ассоциаций, ИФАБ.

**Результаты исследования и их обсуждение.** Современные параметры игры, а особенно система нарушений и наказаний и судейство, изменились незначительно со дня их принятия. С тех пор минуло 157 лет, человечество вступило в цифровую, генную эпоху, однако футбол мало чего позаимствовал от научно-технического прогресса.

Неизбежным последствием авторитарного судейства являются ошибки, умышленные решения, спорные и договорные матчи. Поэтому возникает задача исключить судейские ошибки, повысить защищённость игрока, получить «экологически чистый», бездоговорный результат. Решается эта триединая задача судейством матча двумя бригадами: бригадой судей в поле, БСП – 2, судьёй по составу – 1, судьёй-хронометристом – 1 и высшей надзорной коллегией судей, ВНКС – 3. Всего: 7 судей. Такой состав судей определяется спецификой игры в футбол.

Специфика состоит в мгновенности и неповторимости игровой ситуации. Судья должен обладать высокой теоретической и физической подготовленностью, постоянно находиться рядом с игровой ситуацией, обладать быстрым восприятием и быстрым принятием квалифицированного решения. Отбор судей должен быть по этим критериям [1].

**Сущность судейства матча двумя бригадами** состоит в том, что бригада судей ВНКС оценивает действия как игроков, так и решения судей БСП, *при этом обладает правом отмены ошибочного или умышленного решения в процессе игры, правом принятия окончательного решения.* Ожидаемый эффект судейства двумя бригадами – бездоговорный результат, снижение числа нарушений и травм, адекватное место в турнирной таблице, полная удовлетворённость от справедливого результата матча.

**Функции судей БСП.** Два судьи в поле с равными полномочиями. Каждый на своей половине отслеживает численный состав команд, оценивает действия игроков, фиксирует нарушения, назначает наказания и проводит их исполнение, фиксирует взятие ворот. На своей половине поля – верховенство принятия решения, на чужой – консультация. Решение об остановке или прекращении матча принимается совместно с судьями ВНКС.

**Обязанности ВНКС.** Надзор за действиями игроков и решениями судей в поле, видеозапись матча, фиксация всех ошибочных и умышленных решений, оценка видеозаписи, составление итогового протокола. Наиболее тщательно оцениваются основные санкции судей БСП: назначение 11 м, штрафного удара вблизи штрафной площадки, наказание жёлтой, красной карточкой, взятие ворот.

**Санкции судей ВНКС:** согласие с принятым решением, отмена ошибочного решения, принятого судьями БСП. Остановка игры. Прекращение матча. Отмена 11 м, взятия ворот, наказания жёлтой или красной карточки являются основанием для замены судьи в матче [2].

**Судья по персоналу** отслеживает численный состав команд, производит замену игроков без остановки матча. Сначала выход, затем вход заменяющего игрока.

**Судья-хронометрист** ведёт учёт «чистого игрового времени». Выход мяча за пределы поля или остановка игры по сигналу судьи фиксируется остановкой хронометра, продолжение игры – пуском хронометра. Начало матча – по свистку судьи в поле, *окончание тайма и матча – по*

**сигналу судьи-хронометриста.** Время матча – на табло. Суть «чистого времени» – ликвидация дополнительного и компенсированного времени.

**Цель судейства матча двумя бригадами:** учёт всех нарушений, совершаемых игроками, всех ошибочных и умышленных решений судей. Количественные показатели судей в поле являются реальным отражением их квалификации основанием для использования судей в дальнейшем. Введение правила «отмены ошибочного или умышленного решения в процессе игры» позитивно повлияет на повышение качества судейства, поскольку угроза отмены решения является сильным предупредительным средством для самолюбия судьи.

**Система нарушений и наказаний**

- 6 Minkler T.O., Glass C.R., Hut M. Mindfulness training for a college team: Feasibility, acceptability, and effectiveness from within an athletic department // Journal of applied sport psychology. – DOI: 10.1080/10413200.2020.1739169 Early access icon. – Ранний доступ: APR 2020
- 7 Puchades M., Molina P. Attitudes Towards Doping among Sport Sciences Students // Apunts educacion fisica y deportes. – Release: 140. P. 1-7 DOI: 10.5672/apunts.2014-0983.es.(2020/2).140.01. – Published: APR-JUN 2020
- 8 Rodicio-Garcia M.L., Penado M., Mateos-Padorno C. Evolution in the Sports Habits of Sport Sciences Students in Spain // Apunts educacion fisica y deportes. – Release: 140. – P. 15-22. – DOI: 10.5672/apunts.20140983.es.(2020/2).140.03 Published: APR-JUN 2020
- 9 Akesdotter C., Kentta G., Eloranta S., Franck J. The prevalence of mental health problems in elite athletes // Journal of science and medicine in sport. – Tom: 23. – Release: 4. – P. 329-335. – DOI: 10.1016/j.jsams.2019.10.022. – Published: APR, 2020.
- 10 Zhang, YL Current Status and Prospect of College Physical Education Reform from the Perspective of Humanity // Proceedings of the 2016 7th international conference on education, management, computer and medicine (emcm 2016). – Series of books: ACSR-Advances in Computer Science Research. – Tom: 59. – P. 988-992. – Published, 2017.

FTAMP 77.03.05

<sup>1</sup>Габдуллин А.Б., <sup>2</sup>Ботагариев Т.А., <sup>3</sup>Ахметова А.У.,  
<sup>2</sup>Кубиева С.С., <sup>2</sup>Мамбетов Н.

<sup>1</sup>Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., Қазақстан

## 1-2 КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ АНТРОПОМЕТРИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫН, ДЕНЕ САПАСЫН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ФИЗИКАЛЫҚ ЖЕТІЛДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Габдуллин Айбек Бокенбайұлы, Ботагариев Төлеген Амиржанұлы, Ахметова Аймгуль Утегулқызы, Кубиева Светлана Сарсенбайқызы, Мамбетов Нуролла

**1-2 курс студенттерінің антропометриялық сипаттамаларын, дене сапасын ескере отырып физикалық жетілдіру технологиясы және олардың тиімділігі**

**Аңдатпа.** Мақалада университеттің 1-2 курс студенттерінің антропометриялық сипаттамалары мен қозғалыс сапаларын ескере отырып физикалық жетілдіру технологиясы ұсынылған. Ол келесі компоненттерді қамтиды. 4 блок (бағдарлы, аспаптық, ұсынымдық, бағалау). Қойылған бағдарларға сүйене отырып, оларды іске асыру бойынша құралдар, ұсынымдар және енгізуді бағалау ұсынылды. Педагогикалық экспериментте «орташадан төмен», «орташа» және «орташадан жоғары» деңгейлеріне жататын 1-2 курс студенттері үшін олардың антропометриялық сипаттамалары мен физикалық қасиеттері дамуының ұсыныстары сынақтан өткізілді. Жаттығудың айналмалы өдісінің әсер ету тиімділігін дәлелдеу үшін екі факторлы дисперсиялық талдау жүзеге асырылды және спорттың бір түрінен жылдамдықтың даму деңгейіне (100 метрге жүгіру), жылдамдық-күштік сапаларға (орнынан ұзындыққа секіру) және күштерге (өденнен сығу) әсер етуі анықталды.

**Түйін сөздер:** технология, физикалық, жетілдіру, студенттер, 1 және 2 курстар, антропометриялық, сипаттамалар, физикалық, сапа, тиімділік, дисперсиялық, талдау.

Gabdullin Aibek Bokenbayevich, Botagariyev Tulegen Amirzhanovich, Akhmetova Aimgul Utegulovna, Kubiyeva Svetlana Sarsenbayevna, Mambetov Nurolla

**Technology of physical improvement of female students of 1-2 courses, taking into account their anthropometric characteristics, physical qualities and their effectiveness**

**Abstract.** The article presents the developed technology for the physical improvement of students of 1-2 years of the university, taking into account their anthropometric characteristics and motor qualities. It includes the following components: 4 blocks (orienting, instrumental, recommendatory, evaluative). Based on the set guidelines, tools, recommendations for their implementation and assessment of implementation are proposed. In the pedagogical experiment, recommendations for students of 1-2 courses, classified as "below average", "average" and "above average" levels of development of their anthropometric characteristics and physical qualities, were tested. Two-way analysis of variance was implemented to prove the effectiveness of the influence of the circular training method and conducting 8 hours of training per week on the basis of one of the sports on the level of development of speed (running 100 meters), speed-strength qualities (long jump from a place) and strength (pushups).

**Key words:** technology, physical, improvement, students, 1 and 2 courses, anthropometric, characteristics, physical, qualities, efficiency, analysis of variance.

Габдуллин Айбек Бокенбаевич, Ботагариев Төлеген Амиржанович, Ахметова Аймгуль Утегуловна, Кубиева Светлана Сарсенбаевна, Мамбетов Нуролла

**Технология физического совершенствования студенток 1 и 2 курсов с учетом их антропометрических характеристик, физических качеств и их эффективность**

**Аннотация.** В статье представлены разработанная технология физического совершенствования студенток 1-2 курсов университета с учетом их антропометрических характеристик и двигательных качеств. Она включает в себя 4 блока (ориентирующий, инструментальный, рекомендательный, оценочный). Исходя из поставленных ориентиров, предложены инструменты, рекомендации по их реализации и оценка внедрения. В педагогическом эксперименте были апробированы рекомендации для студенток 1-2 курсов, отнесенных к уровням «ниже среднего», «среднему» и «выше среднего» уровня развития их антропометрических характеристик и физических качеств. Реализован двухфакторный дисперсионный анализ для доказательства эффективности влияния кругового метода тренировки и проведения 8-часовых занятий в неделю на основе одного из видов спорта на уровень развития быстроты (бега на 100 м), скоростно-силовых качеств (прыжка в длину с места) и силы (отжимания от пола).

**Ключевые слова:** технология, физическое, совершенствование, студентки, 1 и 2 курсы, антропометрические, характеристики, физические, качества, эффективность, дисперсионный, анализ.

**Кіріспе.** Қазіргі кезеңде мамандардың мәліметтері бойынша жоғары оқу орындары студенттерінің физикалық жағдайы қойылған талаптарға жауап бермейді. Белгілі болғандай, бұл көрсеткіштер студенттердің физикалық жетілу белгілерінде басым болып табылады. Қалыптасқан жағдайдың себебін біз студенттердің дене тәрбиесі үрдісінің тиімсіз құрылуынан көреміз. Студенттердің дене тәрбиесінің дәстүрлі жүйесі олардың антропометриялық параметрлері мен физикалық кондицияларының даму ерекшеліктерін ескермейді. Қолданылатын әдістемелік тәсілде оқытушылар студенттердің физикалық жетілуінің белгіленген белгілерін дамытуда дифференциалды тәсілді пайдаланбайды. Жоғарыда айтылғандарға байланысты біздің зерттеуіміздің таңдалған тақырыбы өзекті деп есептейміз.

**Зерттеу мәселесі** 1-2 курс студенттерінің антропометриялық параметрлері мен физикалық кондицияларын ескере отырып, дене тәрбиесі үрдісін жүзеге асыру қажеттілігі мен осы үдерістің жеткіліксіз ғылыми-әдістемелік негіздемесі арасындағы қарама-қайшылық болып табылады.

Бұл мәселеге келесі мамандар назар аударды. В.В. Феофилактов [1]; В.П. Гладенкова [2]; В.А. Черенко [3]; А.Г. Щедрина, О.С. Сотникова [4].

#### **Зерттеу мақсаты:**

1. 1 және 2 курс студенттерінің антропометриялық сипаттамалары мен физикалық қасиеттерін ескере отырып физикалық жетілдіру технологиясын жасау.

2. ЖОО-да «дене шынықтыру» пәні бойынша оқу үрдісінде олардың антропометриялық сипаттамалары мен физикалық қасиеттерін ескере отырып, 1 және 2 курс студенттерінің физикалық жетілдіру технологиясын жүзеге асыру.

3. Математикалық статистика әдістерін жүзеге асыру арқылы 1 және 2 курс студенттерінің физикалық жетілдіру технологиясының антропометриялық сипаттамалары мен физикалық қасиеттерінің көрсеткіштеріне әсер ету тиімділігін негіздеу.

#### **Зерттеудің әдістері мен ұйымдастырылуы.**

Зерттеудің бірінші есебін шешу үшін сигмальды ауытқу әдісі қолданылды. Барлық студенттерді 5 топқа бөлдік. Екінші мәселені шешу педагогикалық эксперимент әдісін іске асыру арқылы жүзеге асырылды [5, 6]. Үшінші мәселені шешу үшін дисперсиялық талдау әдісі қолданылды [7].

Зерттеу 3 кезеңде жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде (2019 жылғы қыркүйек) біз 1 және 2 курс студенттерінің антропометриялық

сипаттамалары мен физикалық қасиеттерінің көрсеткіштеріне физикалық жетілдіру технологиясын әзірледік. Екінші кезеңде (2019 ж. қазан-желтоқсан) біз 1 және 2 курс студенттерінің Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ-дың «педагогика және психология» мамандығының студенттерімен физикалық жетілдіру технологиясын апробациялауды жүзеге асырдық. Зерттеуге 20 студент қатысты. Үшінші кезеңде (қантар-сәуір 2020 ж.) біз әзірлеген технологияның студенттердің антропометриялық сипаттамалары мен физикалық қасиеттеріне әсерінің тиімділігін дәлелдеу бойынша дисперсиялық талдауды жүзеге асырдық. Сонымен қатар жұмысты рәсімдеу жүзеге асырылды.

**Нәтижелері және оларды талқылау.** Біз әзірлеген технологияда 4 блок бар: бағдарлау, аспаптық, ұсыныс, бағалау. Бағдарлы блокта біз шешу үшін негізгі бағдарлар мен мәселелерді белгіледік. Бірінші бағыт – оқу үдерісін жоспарлауды түзету. Аспаптық блокта осы бағдарды жүзеге асырудың құралдары мен әдістері ретінде біз оқытудың белсенді әдістерін, эксперименттік жоспарларды (ауа-райы қолайсыз жағдайда) енгіздік. Ұсыным блогында біз белсенді әдістерді енгіздік; қарсы жоспарлар (ауа райы қолайсыз жағдайда). Бағалау блогында біз түзетілген сабақтардан (мысалы, ашық алаңдардан спорт залдарына өту кезінде) әсерді белгіледік.

Екінші бағыт студенттердің денсаулығы мен қозғалыс белсенділігін жетілдіру болып табылады. Инструменталды блокта біз осы бағдарды жүзеге асырудың дұрыс тәртібі; дене шынықтыру іс-әрекеті сияқты тәсілдерін ұсынамыз. Ұсыным блогында біз спорт түрлері бойынша сабақтарды енгізуді; секциялар мен жарыстардың санын арттыруды көрсетеміз. Бағалау блогында біз студенттердің қозғалыс белсенділігі, денсаулық деңгейінің өзгергенін куәландыратын көрсеткіштерді тіркедік.

Үшінші бағыт дене шынықтыру дайындығының деңгейін жетілдіру болды. Біз бұрын 1 және 2 курс студенттерін дене дайындығы көрсеткіштерінің деңгейлері бойынша бөлуді жүргіздік. Осыған сәйкес, біз бағыттаушы блокта мақсат қойдық – физикалық қасиеттерінің даму деңгейі әртүрлі студенттердің физикалық жетілдіру құралдары мен әдістерін әзірлеу. Аспаптық блокта негізгі құралдар арасында оларды дамыту үшін әртүрлі физикалық жаттығуларды анықтадық. Осы мақсатты шешу үшін ұсыным блогының мазмұны дене дайындығының 5 деңгейі (төмен, ортадан төмен, орта, ортадан жоғары және жоғары)

үшін дене жаттығуларын және оларды жүзеге асыру әдістерін әзірлеуге салынды (қыздар мен ұлдар үшін бөлек). Бағалау блогында біз әзірленген құралдар мен әдістердің физикалық дайындық деңгейлерінің (жылдамдық, күш және жылдамдық-күш сапасы) көрсеткіштеріндегі өзгерістерге әсер етуінің дәлелін ұсындық.

Төртінші бағыт студенттердің дене дайындығы арқылы антропометриялық сипаттамаларын түзету болды. Бағдарлы блокта біз күш-жігерімізді өз шамалары бойынша артта қалған антропометриялық көрсеткіштерді жетілдіруге шоғырландырдық. Ол үшін аспаптық блокта ұтымды тамақтану; тыныс алу жаттығулары; массаны түзету жаттығулары ұсынылды. Ұсыным блогында дене салмағы үшін: дұрыс тамақтану; күн тәртібі. Тыныс алу кідірісін түзету үшін: тыныс алу және дем шығару арқылы жүру. Бағалау блогын біз әзірленген құралдар мен әдістердің антропометриялық көрсеткіштер деңгейінің көрсеткіштеріндегі өзгерістерге әсерін дәлелдеуге арнадық.

Жетілдіру технологиясын іске асыру келесідей болды.

«Орташадан төмен» деңгейі бойынша жылдамдық мүмкіндіктері үшін жылдамдық сапасын жан-жақты дамыту бағдар болып табылады. Спорттық ойындар, эстафеталар жылдамдық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар болып табылады.

«Орташа деңгей» үшін жылдамдық-күш қабілеттерінің барынша дамуы бағдар болып табылады. Олардың дамуына арналған құралдар – олардың жекелеген компоненттерін дамытуға бағытталған жаттығулар (реакция жылдамдығы, бір қозғалыс).

«Орташа деңгейден жоғары» үшін жылдамдық қабілетін жетілдіру бағдар болып табылады. Оларды дамыту үшін құралдар – жылдамдық және басқа да қабілеттерге (жылдамдық, жылдамдық-күш) ұштасқан әсер ету жаттығулары және қозғалыс әрекеттерін жетілдіру.

Студенттердің «орта шығыннан төмен» жылдамдық-күш мүмкіндіктерін дамыту үшін жылдамдық-күш сапаларын кешенді дамыту бағдар болып табылады. Оларды дамытуға арналған құралдар қысқа мерзімді жылдам-күштік жаттығулар (секіру, акробатикалық, динамикалық жаттығулар).

Студенттердің жылдамдық-күш мүмкіндіктерін дамытудың «орташа деңгейі» үшін бағыттаушы-физикалық қасиеттерді дамытуға арналған арнайы жұмыс болып табылады. Оларды дамытудың құралдары ретінде бұлшық ет

күші мен қозғалыс жылдамдығын дамыту үшін жаттығулар жүзеге асырылады (ауыр және жоқ жаттығулар).

«Орта деңгейден төмен» жататын студенттердің күш мүмкіндіктерін дамыту үшін негізгі бағдар барлық бұлшықет топтарының күштік жаттығуларға екпінді әсер ету арқылы дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Оны жүзеге асыру барлық бұлшықет топтарын дамыту үшін жаттығуларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. «Орташа деңгейге» жататын студенттердің күштік мүмкіндіктерін дамыту үшін басқа қозғалыстармен бірге күштік қабілеттердің көрінуін қамтамасыз ету бағдар болып саналады. Оны жүзеге асыру құралдарының арасында күштік, жылдамдық-күштік қабілеттер мен күштік төзімділіктің кешенді дамуы басым.

Олардың күш мүмкіндіктерін дамытудың «орташа деңгейі жоғары» тобына енгізілген студенттерді спорттық немесе басқа да бағыттар шеңберінде күштің жоғары көріністерін арттыруға байланысты бағдарға қол жеткізуге әкеледі. Оған қол жеткізу құралдарына біз жарысқа жақын жаттығулар арқылы күштің дамуына назар аудардық.

1-2 курс студенттерінің физикалық мүмкіндіктерінің әртүрлі деңгейлеріне жататын артта қалған антропометриялық сипаттамаларын дамытуға арналған құралдарға келетін болсақ, мұнда мыналарды атап өтуге болады.

«Орташа деңгейден төмен» жататын студенттердің дене салмағы бойынша негізгі бағдар оның оңтайлы артуы болып табылады. Оны іске асыру ауырлық сабақтары арқылы өтеді. Бұлшықет күшінің өсуі бұлшықет массасының жоғарылауымен бір мезгілде жүруі керек. Денеді елеулі өзгерістер болуы үшін орта салмақтарды қолдану.

«Орташа деңгейге» жататын студенттердің дене массасын дамыту үшін дене салмағын орташа деңгейге жеткізу бағдар болып саналады. Оны жүзеге асыру құралдарының арасында жүзу, атап айтқанда аквааэробикамен айналысу басым. Жүзудің негізгі тәсілі – брасс. Қол мен аяқ қозғалысы симметриялы. Қорытындыда тыныс алу жаттығуларын беру.

Дене салмағының «орташа деңгейінен жоғары» тобына енгізілген студенттерді дене салмағының салыстырмалы тұрақтануына байланысты бағдарға қол жеткізуге әкеледі. Оның жетістіктерінің құралдарына аэробты бағыттағы циклдік және ациклдік жаттығулар (жүгіру, велосипедпен жүру, жылдам жүру, тренажерларда жаттығулар) жатқыздық.

«Орташадан төмен» деңгейі бойынша жүрек соғу жиілігінің негізгі бағдары тамыр соғуын қалыпты арнаға келтіру болып табылады. Бұл үшін құралдар – өзін-өзі массаж, ыстық ванналар.

Жүрек соғу жиілігінің «орташа деңгейі» бойынша пульсті жұмыс жағдайына келтіру бағдар болып саналады. Бұл жерде күнделікті таңғы жаттығу, жүзу, Бадминтон, үстел теннисі, спорттық жаяу жүру құрал ретінде жүзеге асырылады.

Жүрек соғу жиілігінің «орташа деңгейінен жоғары» тобына енгізілген студенттерді тамыр

соғуының жоғарылауын оңтайлы деңгейге дейін жеткізуге байланысты бағдарға қол жеткізуге әкеледі. Оған қол жеткізу құралдарына біз артық салмақ пен стрессті болдырмау; артық салмақты төмендету және дене салмағының индексін қалыпта ұстап тұру.

Біздің технологиямызды іске асыру тиімділігін негіздеу үшін дисперсиялық талдау қолданылды.

1-кестеде екі факторлы талдау бойынша 6 топтан тұратын іріктеудің рандомизациясы көрсетілген.

1-кесте – Екі факторлы талдау бойынша 6 топтан тұратын іріктеудің рандомизациясы

Оқыту әдісі	Оқу жүктемесінің көлемі		
	Аптасына 4 сағат	Аптасына 4 сағат + 2 сағат секциялық сабақ	Аптасына 8 сағат сабақ спорт түрі бойынша жаттығу түрінде өткізіледі
Дәстүрлі	1 топ (2 адам)	1 топ (2 адам)	1 топ (2 адам)
Айналма жаттығу	1 топ (2 адам)	1 топ (2 адам)	1 топ (2 адам)
Аралас әдіс	1 топ (2 адам)	1 топ (2 адам)	1 топ (2 адам)

Кестеде біз әзірлеген екі факторлы жоспар бойынша 6 топ кіретін іріктеудің рандомизациясы жүзеге асырылғанын көруге болады. Рандомизация кездейсоқ, ал кездейсоқ сан әдісі негізінде жүзеге асырылады. Жалпы саны 2 адамнан тұратын бір топта студент кездейсоқ сан әдісімен іріктеледі.

Жоғары оқу орнының дене шынықтыру бағдарламасына сәйкес, 3 топта дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізуде оқытудың дәстүрлі әдістері қолданылды. Оқу жүктемесінің көлемі келесідей бөлінді: дене тәрбиесі 2 топта аптасына 4 сағаттан, дене тәрбиесі 2 топта аптасына 4 сағаттан және 2 секциялық сабақтар, 2 топта 8 сағаттан. Келесі 3 топта айналмалы жаттығу әдісі қолданылды. Топтың соңғы үштігінде аралас әдіс қолданылды (дәстүрлі және айналмалы жаттығу әдісі). Эксперимент 2019-2020 оқу жылы

Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ-да өтті. Эксперимент аяқталғаннан кейін студенттер бір жерден ұзындыққа секіру, еденнен сығылу және 100 метрге жүгіру бойынша тест тапсырмаларын тапсырды. Алынған көрсеткіштер негізінде 1-кестеде ұсынылған екі факторлы дисперсиялық кешен қалыптасады.

2, 3, 4-кестелерде оқу әдісінің екі факторлы дисперсиялық талдауының нәтижелері және жылдамдыққа оқу жүктемесінің көлемі, жылдамдық-күш сапасы және күштің әсері көрсетілген. Әр үш дисперсиялық кешенде реттеуші фактор 3 градацияға ие: А1 – оқытудың дәстүрлі әдісі; А2 – оқытудың шеңберлі әдісі, А3 – оқытудың аралас әдісі және реттеу факторы в бөлімінде сондай-ақ 3 градация бар: В1 – аптасына 4 сағат; В2 – аптасына 4 сағат және 2 секциялық сабақ; В3 – аптасына 8 сағат.

2-кесте – Жылдамдықтың сапасын дамытуға А факторының (оқыту әдісі) және В факторының (оқу жүктемесінің көлемі/ аптасына сағат саны) әсерін бағалау бойынша екі факторлы дисперсиялық кешен (100 м жүгіру)

А факторының градациясы	А1 – дәстүрлі оқыту әдісі			А2 – аралас оқыту әдісі			А3 – айналмалы жаттығу		
	В <sub>1</sub> (4 сағ/апта)	В <sub>2</sub> (4с+2с/ апта)	В <sub>3</sub> (8 с/апта)	В <sub>1</sub> (4 с/апта)	В <sub>2</sub> (4с+2с/ апта)	В <sub>3</sub> (8 с/апт)	В <sub>1</sub> (4 с/апта)	В <sub>2</sub> (4с+2с/ апта)	В <sub>3</sub> (8 с/апта)
В факторының градациясы									

2-кестенің жалғасы

100 м жүгіру	21,0	19,6	9,4	8,3	7,9	7,5	17,0	16,9	16,9
	19,4	19,3	8,6	7,9	7,8	7,7	17,5	17,2	16,8
Ұяшықтар бойынша сомалар	40,4	38,9	8,0	6,2	5,7	5,2	34,5	34,1	33,7
А факторының градациясы бойынша сомалар	$T_{A_1} = 40,4 + 38,9 + 38,0 = 117,3$			$T_{A_2} = 36,2 + 35,7 + 35,2 = 107,1$			$T_{A_3} = 34,5 + 34,1 + 33,7 = 102,3$		
В факторының градациясы бойынша сомалар	$T_{B_1} = 40,4 + 36,2 + 34,5 = 111,1$			$T_{B_2} = 38,9 + 35,7 + 34,1 = 108,7$			$T_{B_3} = 38,0 + 35,2 + 33,7 = 106,9$		
$N=18, n=2$	$\Sigma T_{A_1} = 117,3 + 107,1 + 102,3 = 326,7$			$\Sigma T_{B_1} = 111,1 + 108,7 + 106,9 = 326,7$					

### 1 гипотезалар жиынтығы

$H_0$ : а факторының әсерімен негізделген 100 м жүгіру көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар көрсеткіштер арасындағы кездейсоқ айырмашылықтардан артық емес болып табылады.

$H_1$ : а факторының әсерімен негізделген 100 м жүгіру көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар көрсеткіштер арасындағы кездейсоқ айырмашылықтарға қарағанда анағұрлым айқын болып табылады.

### 2 гипотезалар жиынтығы

$H_0$ : В факторының әсерімен негізделген 100 м жүгіру көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар көрсеткіштер арасындағы кездейсоқ айырмашылықтардан артық емес болып табылады.

$H_1$ : В факторының әсерімен негізделген 100 м жүгіру көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар көрсеткіштер арасындағы кездейсоқ айырмашылықтарға қарағанда анағұрлым айқын болып табылады.

### 3 гипотезалар жиынтығы

$H_0$ : а факторының жүгіру көрсеткіштеріне әсері В факторының әр түрлі градацияларында 100 м тең және керісінше.

$H_1$ : а факторының жүгіру көрсеткіштеріне әсері В факторының әр түрлі градацияларында әр түрлі 100 м және керісінше.

$$\Sigma T_A^2 = 117,3^2 + 107,1^2 + 102,3^2 = 35694,99$$

$$\Sigma T_B^2 = 111,1^2 + 108,7^2 + 106,9^2 = 35586,51$$

$$F_{кр}(2, 9) = \begin{cases} 4,26 & (p \leq 0,05) \\ 8,02 & (p \leq 0,01) \end{cases} \quad F_{кр}(4, 9) = \begin{cases} 3,63 & (p \leq 0,05) \\ 6,42 & (p \leq 0,01) \end{cases}$$

$$F_{A(2,9)} = 56,67 > F_{кр} \quad (p \leq 0,01)$$

Демек, гипотеза  $H_1$  қабылданады, яғни А факторының (оқыту әдісінің) әсерінен орындардан ұзындыққа секіру көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар көрсеткіштер арасындағы кездейсоқ айырмашылықтарға қарағанда айқын көрінеді.

$$F_{B(2,9)} = 23,33 > F_{кр} \quad (p \leq 0,01)$$

Демек,  $H_1$  гипотезасы қабылданады, яғни в факторының әсерінен (аптасына сағат саны) орындардан ұзындыққа секіру көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар көрсеткіштер арасындағы кездейсоқ айырмашылықтарға қарағанда анағұрлым айқын болып табылады.

$$F_{AB(4,9)} = 6,67 > F_{кр} \quad (p \leq 0,01)$$

Демек,  $H_1$  гипотезасы қабылданады, яғни А факторының (оқыту әдісінің) орнынан ұзындыққа секіру көрсеткіштеріне әсері В факторының әр түрлі градацияларында (аптасына сағат саны) және керісінше.

### 1 гипотезалар жиынтығы

$H_0$ : А факторының әсеріне байланысты жыныстан сығу көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар көрсеткіштер арасындағы кездейсоқ айырмашылықтардан артық емес.

$H_1$ : а факторының әсеріне байланысты жыныстан сығу көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар көрсеткіштер арасындағы кездейсоқ айырмашылықтарға қарағанда анағұрлым айқын болып табылады.

3-кесте – Күш сапасының дамуына (еденнен сығылу) а факторының (оқыту әдісі) және В факторының (оқу жүктемесінің көлемі/ аптасына сағат саны) әсерін бағалау бойынша екі факторлы дисперсиялық кешен

А факторының градациясы	А1 – дәстүрлі оқыту әдісі			А2 – аралас оқыту әдісі			А3 – айналмалы жаттығу		
	В <sub>1</sub> (4 сағ/апта)	В <sub>2</sub> (4с+2с/ апта)	В <sub>3</sub> (8 с/апта)	В <sub>1</sub> (4 с/апта)	В <sub>2</sub> (4с+2с/ апта)	В <sub>3</sub> (8 с/апта)	В <sub>1</sub> (4 с/апта)	В <sub>2</sub> (4с+2с/ апта)	В <sub>3</sub> (8 с/апта)
Еденнен сығылу	14	16	8	5	7	0	21	23	27
	15	15	6	6	9	2	23	25	26
Ұяшықтар бойынша сомалар	29	31	4	1	6	2	44	48	53
А факторының градациясы бойынша сомалар	$T_{A_1} = 29 + 31 + 34 = 94$			$T_{A_2} = 31 + 36 + 42 = 109$			$T_{A_3} = 44 + 48 + 53 = 145$		
В факторының градациясы бойынша сомалар	$T_{B_1} = 29 + 31 + 44 = 104$			$T_{B_2} = 31 + 36 + 48 = 115$			$T_{B_3} = 34 + 42 + 53 = 129$		
$N=18, n=2$	$\Sigma T_{A_1} = 94 + 109 + 145 = 348$			$\Sigma T_{B_1} = 104 + 115 + 129 = 348$					

## 2 гипотезалар жиынтығы

H0: В факторының әсеріне байланысты жыныстан сығу көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар көрсеткіштер арасындағы кездейсоқ айырмашылықтардан артық емес.

H1: В факторының әсеріне байланысты жыныстан сығу көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар көрсеткіштер арасындағы кездейсоқ айырмашылықтарға қарағанда анағұрлым айқын болып табылады.

## 2 гипотезалар жиынтығы

H0: а факторының еденнен сығу көрсеткіштеріне әсері В факторының әр түрлі градацияларында бірдей және керісінше.

H1: а факторының еденнен сығу көрсеткіштеріне әсері В факторының әр түрлі градацияларында және керісінше.

$$F_{кр}(2, 9) = \begin{cases} 4,26 & (p \leq 0,05) \\ 8,02 & (p \leq 0,01) \end{cases} \quad F_{кр}(4, 9) = \begin{cases} 3,63 & (p \leq 0,05) \\ 6,42 & (p \leq 0,01) \end{cases}$$

$$F_{A(2,9)} = 86,09 > F_{кр} \quad (p \leq 0,01)$$

Демек, H0 гипотезасы ауытқиды, яғни А факторының (оқыту әдісінің) әсерінен жыныстан сығу көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар көрсеткіштер арасындағы кездейсоқ айырмашы-

лықтарға қарағанда анағұрлым айқын болып табылады.

$$F_{B(2,9)} = 19,68 > F_{кр} \quad (p \leq 0,01).$$

Демек, H1 гипотезасы қабылданады, яғни в факторының әсерінен (аптасына сағат саны) жыныстан сығу көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар көрсеткіштер арасындағы кездейсоқ айырмашылықтарға қарағанда анағұрлым айқын болып табылады.

$$F_{AB(4,9)} = 0,88 < F_{кр} \quad (p \leq 0,05).$$

Демек, H0 гипотезасы қабылданады, яғни А факторының (оқыту әдісі) еденнен сығу көрсеткіштеріне әсері В факторының әр түрлі градацияларында бірдей (аптасына сағат саны) және керісінше.

## Қорытынды

1. Университеттің 1-2 курс студенттерінің антропометриялық сипаттамалары мен қозғалыс сапасын ескере отырып, физикалық жетілдіру технологиясы келесі компоненттерден тұрады. 4 блок (бағдарлы, аспаптық, ұсынымдық, бағалау). Қойылған бағдарларға сүйене отырып, оларды іске асыру бойынша құралдар, ұсынымдар және енгізуді бағалау ұсынылды.

2. Педагогикалық экспериментте «орташадан төмен», «орташа» және «орташадан жоғары» деңгейлеріне жататын 1-2 курс студенттері үшін олардың антропометриялық сипаттамалары мен физикалық қасиеттері дамуының ұсыныстары сынақтан өткізілді.

3. Екі факторлы дисперсиялық талдауды жүзеге асыру арқылы жаттығудың айналмалы әдісінің әсері және аптасына бір спорт түрінің негізінде 8 сағаттық сабақ өткізу жылдамдықтың даму деңгейіне (100 метрге жүгіру), жылдамдық-күштік сапаларға (орнынан ұзындыққа секіру) және күштерге (еденнен сығу) әсер ету тиімділігі дәлелденді.

#### Әдебиеттер

- 1 Феофилаков В.В. Сравнительный анализ инновационных технологий физической подготовки студентов гуманитарных вузов на основе мониторинга физического развития: автореф. дис...к.п.н. – М., 2005. – 23 с.
- 2 Гладенкова В.П. Индивидуализация физической подготовки студентов технического университета на основе конституциональной идентификации: автореф. дис...к.п.н. – М., 2009. – 24 с.
- 3 Черенко В.А. Физическое воспитание студентов вузов Республики Беларусь на основе рационального распределения средств подготовки из разных видов спорта в течение учебного года: автореф. дис...к.п.н. – М., 2011. – 24 с.
- 4 Щедрина А.Г., Сотникова О.С. Соматотипологический подход в оценке физической подготовленности студентов//Сибирский педагогический журнал. – 2012. – № 9. – С. 55-58.
- 5 Спортивная метрология: учебник для ин-тов физ.культуры / под ред. В.М. Зациорского. – М.: Физкультура и спорт, 1982. – 195 с.
- 6 Железняк Ю.Д., Петров П.К. Основы научно-методической деятельности в физической культуре и спорте: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 264 с.
- 7 Принцип применения метода дисперсионного анализа [https://studme.org/219637/meditsina/printsip\\_primeneniya\\_metoda\\_dispersionnogo\\_analiza](https://studme.org/219637/meditsina/printsip_primeneniya_metoda_dispersionnogo_analiza)

**Жияшева Ж.Ш.**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНДА  
АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ  
ҚОЛДАНУ**

Жияшева Жанар Шораевна

**Бастауыш мектепте дене тәрбиесі сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану**

**Аңдатпа.** Мақалада бастауыш сынып оқушыларына білім беруде ақпараттық білім беру ортасын құру арқылы дене тәрбиесі жүйесінің даму мүмкіндіктері туралы баяндалады. Көптеген ғылыми бағыттағы зерттеушілер баланың зияткерлік және физикалық дамуына аса зор назар бөлген. Сонымен қатар бүгінгі қоғамның қарқынды дамуы кезінде баланың психологиялық саулығымен қатар, оның дене тәрбиесінің дұрыс негізде қалыптасуы аса маңызды мәселелердің бірі. Бастауыш мектеп мұғалімдері әдіскер ретінде көп салалы маман иесі, яғни болашақ мамандар ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдаланып, сабақ берудің жаңа түрлерін ізденуін, өзінің ақпараттық білім ортасын жобалау дағдысын дамытуды қажет етеді. Бастауыш буыннан жүйелі құрылған физикалық тәрбие жүйесі баланың зияткерлік, психикалық дамуына тікелей әсері бар. Осыған орай, қоғамның сандық форматқа көшу жолында бала жанына жақын ақпараттық технология мүмкіндіктерін білім беру үдерісінде тиімді пайдалану аса өзекті мәселе. Ақпараттық технология мүмкіндіктері негізінде құрылған физикалық тәрбие беру жүйесі нәтижесінде баланың қоршаған шынайылықты, кеңістікті, уақытты қабылдау мүмкіндігінің артары анық.

**Түйін сөздер:** бастауыш сынып оқушылары, сабақ формалары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, дене тәрбие жүйесі.

Zhiyasheva Zhanar Shoraevna

**Application of information and communication technologies in physical education lessons in primary school**

**Abstract.** The article talks about the possibilities of the system of physical development of primary school children through the creation of an information and educational environment. At this time, the object of research of many scientists is the problems of the intellectual and physical development of children. And also with the intensive development of society, along with the psychological health of children, proper physical education is one of the main factors in the development of the younger generation. Primary school teachers as methodologists are multidisciplinary specialists, the use of information and communication technologies in their lessons in the future, the search for new solutions to problems, requires the formation of skills in designing their information and educational environment. A properly constructed system of physical education in primary school has a positive impact on the intellectual and mental development of children. In connection with this, with the digitalization of society, the use of the possibilities of information technologies in solving complex problems of the educational process is very important at this time. The physical education system built using the capabilities of information technology will contribute to the correct perception of time, space and surrounding reality by children.

**Key words:** primary school students, forms of training, information and communication technologies, physical education system.

Жияшева Жанар Шораевна

**Применение информационно-коммуникационных технологий на уроках физического воспитания в начальной школе**

**Аннотация.** В статье говорится о возможностях системы физического развития детей начальных классов посредством создания информационно-образовательной среды. В данное время объектом исследования многих ученых являются проблемы интеллектуального и физического развития детей. А также при интенсивном развитии общества, наряду с психологическим здоровьем детей, правильное физическое воспитание является одним из главных факторов развития молодого поколения. Учителя начальной школы как методисты являются многопрофильными специалистами, применение информационно-коммуникационных технологий на своих уроках в будущем, поиск новых решений задач требуют формирования навыков проектирования своей информационно-образовательной среды. Правильно построенная система физического воспитания в начальной школе имеет позитивное влияние на интеллектуальное и психическое развитие детей.

Связи с этим, при цифровизации общества использование возможности информационных технологий при решении сложных задач образовательного процесса очень актуально в данное время. Система физического воспитания с учетом возможностей информационных технологий будет способствовать правильному восприятию детей времени, пространства и окружающей действительности.

**Ключевые слова:** ученики начальных классов, формы занятий, информационно-коммуникационные технологии, система физического воспитания.

**Кіріспе.** Бастауыш мектеп мұғалімдерін дайындаудың идеологиясы болашақ мамандарды өзінің жұмысына шығармашылық көзқарасын қалыптастыруды, ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдаланып, сабақ берудің жаңа түрлерін ізденуін, өзінің ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалауды ғылыми жолмен жүргізу дағдыларын қалыптастыруды ұйғарады.

Бастауыш мектеп мұғалімдерін дайындауда оларды ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалау дағдыларын қалыптастыру бастауыш мектепте барлық пәндерді оқыту әдістемелерімен тығыз байланыста анықталады. Алайда, тек жекелеген пәндерді оқыту әдістемесі мен жекелеген ақпараттық-коммуникациялық құралдарды пайдалану әдістерін меңгерту болашақ маманның өзінің мұғалімдік қызметінде қажетті теориялық білімі мен практикалық дағдыларын жүйелілікпен қолдану дағдыларын қалыптастырмайды.

Болашақ маманды кәсіби жоғары деңгейге сай дайындаудың маңызды бір шарты ретінде жоғары оқу орындарындағы ақпараттық білім ортасын сапалы етіп құру және әрбір студентті – болашақ маманды ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалауға дағдыландыру атап көрсетіледі.

Бұл дегеніміз – болашақ бастауыш мектеп мұғалімін дайындайтын әрбір жоғары оқу орнында ақпараттық білім ортасын (АБО) құру міндеті. Сонымен бір қатарда әрбір болашақ маманды өзінің кәсібіне аса қажетті ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалауға дағдыландыру міндетін шешу керек.

Қазақстандық білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қазіргі кезеңде оқу-білім ақпараты ағынының тасқынында өзіндік бағдар жасай алу үшін, нәтижесінде тиімді білім беруге қол жеткізу үшін қашықтан оқыту технологияларын қолдану қажеттілігі айқындалып отыр.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9-тармағында: «9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін

кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану», – деп атап көрсетілген [1].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері баланың дене тәрбиесі мен оны физикалық және психикалық дамуы туралы білімінің болуы, оның баланы физикалық дамытуда нақты әдістемелік мүмкіндіктерін игеру маңыздылығы аса зор, ал бүгінгі күнде осы бағытта өз жұмысын тиімді етуде ақпараттық технологияны қолдану маңыздылығы аса зор.

Осымен тікелей байланысты, білім беру кеңістігін заманауи технологиялық жетістіктермен біртұтас жүйеде қалыптастыру мәселесі күн тәртібіне өзектілікпен қойылып келеді. Өйткені бүгінгі күні ақпараттандыру дегеніміз технологиялықтан ендігі ретте әлеуметтік процеске айналып келеді.

**Зерттеу мақсаты:** Білім берудің заманауи талаптары мен технологияларын оқыту процесіне енгізудің заңдылықтарын ғылыми жолмен танып білудің маңызы күн сайын артып келеді. Жоғары оқу орнын бітіріп мектепке барған жас маман білім беру процесіндегі кездесетін көптеген кедергілерді оңтайлы жолмен жеңудің әдістәсілдерін университетте ғылыми-зерттеу жолымен меңгеруі керек және оны мектепке барғанда жетілдіру жолдарын білуі тиіс. Осы негізде бастауыш мектепте дене тәрбиесі сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін көрсету аса құнды.

**Зерттеу әдістері:** Дене тәрбиесі жүйесі, оның дамуы мен қалыптасу заңдылықтары, атқаратын қызметі және сабақ құрылымы, бүгінде әлеуметтік жүйе мен белгілі деңгейдегі қоғамдық құбылыс ретінде өскелең ұрпақтың дене тәрбиесін нығайту мен қамтамасыз ету үшін білу аса маңызды. Дене тәрбиесі балабақшадан бастау алатын дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сонымен қатар сабақтан тыс, білім беру мекемесінен тыс денсаулыққа бағытталған іс-шаралар жүйесі екенін ескерсек, бүгінде дене тәрбиесі тек бала денсаулығын нығайтумен қатар, оның тұлғалық, психологиялық және физикалық мүмкіндіктерін барынша жетілдіретін, болашақ өміріне белсенділік пен ізгі қарым-қатынас

сыйлайтын құбылыстың бірі. Ал бастауыш буыннан қазіргі қоғам жаңашылдығын барынша қолданып, өзіндік ақпараттық орта құра алатын маман даярлау қазіргі таңда көптеген өзекті мәселелер шешімін табуда таптырмас құрал болары анық. Көптеген зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып біз өз зерттеуімізде төмендегідей өзекті мәселелерге талдау жасап, негізгі анықтамаларды ұсынуды жөн көреміз.

Ақпараттық кеңістік (АК) дегеніміз – ақпаратты түзумен, дайындаумен, түрлендірумен, берумен, пайдаланумен, сақтаумен байланысты әсер ететін, оның ішінде жеке және қоғамдық санаға, ақпараттық инфрақұрылым мен өзіндік ақпаратқа әсер ететін қызмет саласы.

Ақпараттық орта (АО) дегеніміз – ақпараттың, ақпаратты тасушылардың туындауын, орын алмасуын, сақталуын, өңделуін, ұсынылуын ақпараттық жүйелердің, ақпараттық инфрақұрылымның және басқа да құралдардың және адамның іс-әрекетін қамтамасыз ететін ақпараттың жиынтығы.

Ақпараттық білім ортасы (АБО) деген ұғым педагогикалық жүйе мен білім беру процесіне ақпараттық технологиялық құралдарды енгізуді қамтамасыз ететін кешеннің өзара ақпараттық-жүйелік интеграциясын білдіреді. Мұндағы көзделетін мақсат – педагогикалық жүйенің қызмет ету тиімділігін арттыру, мұғалім мен оқушыларды, ақпараттық қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптастыратын ақпараттық парадигманы іске асыру.

Білім беру ортасын жаппай ақпараттандыруға көшудің, сөзсіз, өзіндік қиындықтары бар. Ол қиындықтардың негізгісі ретінде, ғалымдар бірқатар мәселелерді атап көрсетеді:

- қоғамдағы теңсіздіктің деңгейі артуы;
- біртіндеп дыбыс пен бейненің қолданыс деңгейі артып, жазу мен сөйлеудің төмен деңгейге біртіндеп түсіп бара жатқаны және оның қауіп төндіру мүмкіндігі;
- ақпарат іздеп табушылар ешқандай ой немесе танымдық күш жұмсамай, дайын контентті тез жүктеп алуға дағдыланып бара жатқандығы, ал контент әзірлеушілердің өз ұсынатын ақпараттарын тым қарабайырландырып жатқандығы;
- адамдардың қоғам ортасында, адамдардың ортасында болуға ұмтылмауы, тіпті мүлде болмауы, адами, мәдени, әлеуметтік қарым-қатынастардың азаюы [2].

Әрине, ақпараттық білім ортасын жобалауда адами қарым-қатынастың рөлі қандай болады деген мәселені де қарастыру керек болатыны белгілі. Сонымен бірге, ақпараттық білім орта-

сын жобалауда кездесуі мүмкін қателіктерге де ұрынбаудың жолын қарастыру керектігі белгілі. Кейбірін атап айтсақ, өз бетімен оқу материалын іздеу, табу, орындау барысында оқушылардың өзінің қаншалықты дұрыс жолмен келе жатқанын бірден ешкіммен ақылдаса алмай, ішкі сана-сезімімен жүруге дағдыланады, оның кей ретте қателіктерге ұрындыруы мүмкін. Яғни жанды тілдік қарым-қатынас қалай да жеткіліксіздік танытып тұрады, мұны да біліп отыру керек. Одан соң, белгілі бір оқу материалының тақырыбын іздеу кезінде интернетте соншалықты мол дайын контент кездескенде, оқушының тапсырманы орындауы қаншалықты тиімді және сапалы болатыны белгісіз, өйткені ақпараттардың көпшілігі тез ескіріп жататыны белгілі. Бұл жағдай, оқушының білім алуы мен тәрбиесі деңгейін, оқу мотивациясын төмендетуге алып келуі мүмкін екенін де назарда ұстау керек.

Негізінде, болашақ мұғалімдердің ақпараттық білім ортасын (БМАБО) жобалау және жасау олардың болашақта нақты мұғалім мамандығына кіріскен кезде оның педагогикалық қажеттілік екенін және келешек мектеп мұғалімінің барлық педагогтік әдістемелік қоры оның кәсіби кеңістігін құраушы жүйе екенін түсінуіне алып келеді. Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдері, келешектегі педагогтік қызметінің сапалы және тиімді жүйеге айналуы үшін, студент кезінен бастап, оны кешенді ақпараттық білім кеңістігіне айналдыруға үйренуі тиіс. Ақпараттық білім кеңістігі көптеген маңызды компоненттерден құралатын жүйе болғандықтан, оның құрылымы мен жүйесін тұтас бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған, не болмаса, жекелеген мұғалімге арналған, немесе әдістемелік шығармашылық резерв ретінде анықтауға болады.

Бастауыш мектептегі ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалауда шешу керек міндеттерді былайша анықтауға болады деп ойлаймыз:

- біріншіден, бастауыш мектеп мұғалімдерін университет қабырғасынан бастап ақпараттық технологияны игеруге және оның психологиялық қиындықтарын шешуге дайындау;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру процесінде қолдану үшін соған лайықталған оқу және әдістемелік материалдарды (білім контентін) жеткілікті мөлшерде әзірлеу;
- бастауыш мектептің ақпараттық білім ортасын жобалауға материалдық және мультимедиялық құрал-жабдық тұрғысынан дайындығы деңгейін жоғарылату;

– болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін келешекте өздері жұмыс жасайтын ұжымдарда ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданудың, ақпараттық білім ортасын жобалаудың көшбасшысы ретінде тәрбиелеу, соған қажетті дағдыларды студент кезінде қалыптастыру.

Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің жоғары оқу орнында білім алуы барысында кәсіби тұрғыдан жетілуіне олардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігі қалыптасуы және ақпараттық-білімдік кеңістік құру дағдыларының қалыптасуы үлкен ықпал ететіні белгілі. Бастауыш сынып оқушыларына білім беруде ақпараттық-білім кеңістігі кең арналы болып қалыптасқан мұғалімнің қолы ұзарып, сабақтарының, оқушыларға тапсыратын сабақтан тыс жұмыстарының әдістемелік-дидактикалық мазмұндылығы арта түседі. Сондай жетістікке қол жеткізу үшін, мұғалімнің білімдік, дидактикалық, әдістемелік ресурсты үздіксіз алып отыратын ортасы болуы керек. Ол ресурсты болашақ мұғалім қазақстандық қоғамның, тіпті тұтас адамзаттық қоғамның ақпараттық ресурстарынан алуға университет қабырғасында дағдылануы қажет.

Өйткені білім – мектеп бітіріп, ересек өмірге кіргенде қолданатын қазына емес, күнделікті, сәт сайын қажет құндылыққа айналды. Оған себеп болып отырған ақпараттық-коммуникациялық технологияның қарыштап дамуы және өмірімізге оның нәтижелерінің сәт сайын араласып отырғаны белгілі.


Білім берудің әлеуметтік-философиялық маңызын зерттеушілер білім алудың күн сайын маңызы артуын жан-жақты қырынан зерттеуде [3].

Осы тұрғыдан, білімнің *социоморфтық принципі* туралы тоқталуға болады. Бұл принципті енгізген А.И. Субеттоның айтуынша, социоморфтық принциптің мәнісі – әлемнің кез келген елінде берілетін білім ерекше, дербес, сол елдің әлеуметтік, экономикалық, ұлттық-этностық, демографиялық, мәдени және тағы басқа қатынастарына сәйкес болып келетінін мойындау болып табылады [4].

Ғалым В.Д. Шадриков мектептердің оқу және тәрбие жүйесін халықтық, ұлттық рухани қазыналар негізінде күшейте келіп, әлемдік білім беру қазыналарымен байланысқа түсу жолын негіздейді. Осы ғалымдардың айтуынша, социоморфтық принцип мемлекеттің білім беру векторының дайындықсыз, материалдық жабдықтаусыз басқа елдің бағытына түсіп кетпеуін қадағалайды [5].

Ең алдымен, барлық педагогикалық технологияларды айтатын болсақ, олар да ақпараттық технология болып саналады. Себебі, педагогикалық технологияның көздейтін ең басты мақсаты білімдік ақпаратты оқушыға сапалы жолмен жеткізу, оқушының қабылдауы және санасында өңдеуі болып табылады.

Бұл деңгейдің сапалы әрі мазмұны тиімді болатын себебі, мұғалім мен оқушы дербес компьютер арқылы емес, ендігі ретте мұғалім бірнеше оқушымен ғана емес, әр оқушы бір-бірімен интерактивтік қарым-қатынасқа түсе алады. Сонымен қатар, әрбір жеке оқушы енді білім мазмұнын тек мұғалімнен ғана емес, ақпараттық-коммуникациялық желіден тікелей ала алатын болады. Келесі суретте осы модельді көруге болады.



1-сурет – Білім беру процесінің «мұғалім – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – оқушы» моделі

Орта білім беру саласын ақпараттандыру мәселесін зерттеген ғалымдардың пікірінше, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым мектепте білім беруді ақпараттандыру ісін дамытудың маңызды критерийі болып табылады. Бұл жұмыс маңыздылығы заманауи АКТ-нің білім мазмұнын қамтамасыз етуіндегі, оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру тәсілдерін табудағы, педагогикалық процестің нәтижелерін тексерудегі орасан зор педагогикалық мүмкіндіктерімен анықталады [6].

Сонымен бірге, білім алу деңгейлерінің ортақтығы оларға ортақ модель құруға мүмкіндік береді деп саналады. Мысалы, топты, мектепті, колледж, университетті нақты оқыту процесі немесе виртуалды оқыту процесін құру принциптері жалпыға бірдей болып келеді. Модельдің жұмыс жасауының тұрақтылығы қамтамасыз етіліп, орнығуы керек. Яғни білім беру моделі халықаралық немесе ұлттық қорға тәуелді болмауы керек.

Білім берудің балама модельдерінің жүзеге асу жолдарын ЮНЕСКО былайша көрсетеді: виртуалды мектеп, виртуалды колледж, аралас оқыту, ресурстар негізінде оқыту, ашық білім ресурстары негізінде оқыту, бағалаудың автоматтандырылған жүйелері. Осы құжатта балама модельдердің бес архетип түрі көрсетілген, олар:

- бастауыш мектепке арналған мобильдік компьютер;
- виртуалды орта мектеп;
- ашық білімдік ресурстар колледжі;
- университеттік кешен;
- eOxbridge [7].

*Мобильдік оқыту.* m-learning – мобильдік оқыту мен мобильдік тестілеу тұжырымдамасы жасалып, күн артқан сайын көпшілікке кең тарап отырғанын атап өтеміз. Қалтаға салып жүруге ыңғайлы, қолданысқа ықшам компьютерлердің, смартфон, планшеттердің күн санап көбейіп келе жатқандығы, мобильдік байланыстың мүмкіндігін білім алу процесінде пайдалану мүмкіндіктерін бос жібермеуге жетелейді. Мобильдік білім алудың кейбір оң және теріс қырларын қарастырған мамандар, дегенмен, мобильдік байланыстың білім алуда берер пайдасы көп екеніне баса назар аударады [8].

*Білім берудегі бұлтты технологиялар.* Қазіргі заман мұғаліміне сәт сайын өзгеріп отыратын кезеңде жұмыс істеуге тура келіп отырғаны белгілі. Мұғалімге сол өзгерістер сайын кәсіби шеберлігін жетілдіріп отыруға тура келеді. Педагогикалық технологиялардың,

педагогика ғылымының, әдістемедегі жаңалықтардың ағыны тасқындап отырған заман талабынан қалып қоймауы үшін мұғалімнің әрдайым өз білімін жетілдіріп отыруға, қосымша дайындыққа мүдделі болады.

Бұлтты технологиялар – біздің заманымыздың ерекше құбылысы. Бұлтты технологиялар өзінің мазмұнында орасан зор мүмкіндіктер жинақтаған, оқушылардың, мұғалімнің, ата-аналардың барлық адамдардың өзара ақпарат алмасуы және ең бастысы, жаңа білім алу мен жаңа дағдылар қалыптастырудың қазіргі заманға тән негізі деп санауға болады. Виртуалды білім ортасында, әрдайым жаңаланып отыратын қозғалыстағы, оқушының, мұғалімнің, ата-аналардың өзара қарым-қатынас жасау мүмкіндігі бар жүйені қолдану – білім сапасын, білімді меңгеру тиімділігін жоғарылататын қадам. Бұлтты технологияларды білім беруде қолданудың дидактикалық ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың айтуынша, қазіргі кезде бұлтты жүйелердің төрт моделі пайдаланылады:

- жеке бұлт (private cloud);
- көпшілікке арналған бұлт (public cloud);
- гибриді бұлт (hybrid cloud);
- қоғамдық бұлт (community cloud).

Зерттеушілердің ізімен, білім беру процесінде қолдануда тиімділігі жоғары болатын бұлтты технологиялардың келесі мүмкіндіктерін пайдалануға болады деп санаймыз:

- кең ауқымдағы мұғалімдер мен оқушылардың бірлесіп жұмыс жасауын ұйымдастыру мүмкіндігі;
- оқушыларға да, мұғалімдерге де біріге отырып түрлі құжаттарды пайдалану және редакциялау мүмкіндігі;
- интерактивтік сабақтар өткізу және ұжымдық оқыту мүмкіндігі;
- оқушылардың өз бетімен тапсырмалар орындауы, атап көрсететін болсақ, ұжымдық жобалар орындау мүмкіндігі; бұл жерде аудиторияның сыйымдылығы және сабақты өткізу уақыты деген ұғымның шектеулері болмайды [9].

Әрине, бұлтты технологияларды білім беруде пайдаланудың заңдық, нормативтік тұғырларын қоса қарастыру керектігі белгілі.

*Білім берудегі әлеуметтік медиалар.* Әлеуметтік медиалар – адамдардың өзара ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы қарым-қатынас жасау мүмкіндігі. Әлеуметтік медиалардың (мысалы, блогтер, Wiki ресурстары, Facebook, Twitter, MSN, LinkedIn, Instagram, Skype, В контакте т.б.) өзіндік ерекшелігі – олар интернетті пайдаланушы адамдар ара-

сында бірін-бірі іздеп табуға, үзілген байланыстарын қайтадан жалғастыруға т.б. ізгі қарым-қатынастар жасауға, жаңа субмәдениет қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік медиаларды мектептің білім беру процесіне енгізу тек оқу жоспарлы мен оқу бағдарламасына сәйкес еткенде ғана мүмкін болады. Медиабілім дағдыларын қалыптастыру мақсаты қойылған кезден бастап, оқушыларға желіде өзін ұстау этикеті мен ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауды да қоса үйрету керектігі белгілі.

